



ЭЛЕКТРОМОБИЛЬДЕР НАРЫҒЫ

Қытай және батыс әлемі арасындағы текетірес күшейе түсті

2

БАУЫРЛАС ЕЛДЕР



ТҮРІК ЖАСТАРЫ «ALATAU AQRARAT» МЕДИАХОЛДИНГІНДЕ ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУДЕ

6

ҚАЛА ЖӘНЕ ИМАН



МЕККЕДЕ МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ҚАЗА ТАПТЫ

7

БАСПАНА

800-ДЕН АСТАМ АЛМАТЫЛЫҚ ПӘТЕРЛІ БОЛДЫ

Халықтың әлеуметтік осал топтары санатына жататын 218 кезекте тұрғандар пәтер кілтін алды. Барлығы жаңа үйге 78 жетім бала, I және II топтағы 31 мүгедек, ҮОС жеңілдіктері бойынша теңестірілген 4 ардагер, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған 23 отбасы, 72 толық емес отбасы және 10 зейнеткер қоныстанды.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

«Бүгін қоныс тойын 2011 жылдан 2012 жылға дейін кезекте тұрғандар атап өтті. Келесі аптада тұрғын үйдің жаңа шаршы метріне қоныстанудың кезекті кезеңі жоспарлануда», – деді Алматы қаласы коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ғалымжан Әбдішүкірұлы.

Пәтердің кілтін алу үшін адамдар отбасыларымен, балаларымен және немерелерімен келді. Олардың арасында бір бөлмелі пәтер алған көпбалалы ана Майра Әлібаева да бар.

«Мен 75 жастамын, 11 баланың анасымын. Бұрын қалада ұлымның отбасымен бірге тұрдым. Енді мен өз пәтерімде арбаға таңылған ұлыммен бірге тұрамын. Қала басшылығына мұндай көмек үшін алғыс айтамын», – деді ол.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Естеріңізге сала кетейік, ХЭОТ санатындағы кезекте тұрғандарға пәтер кілтін тапсыру ағымдағы жылдың 25 мамырында басталған болатын. Содан кейін үш үйде кезекте тұрған 124 адам пәтер алды. Екінші ағыммен 28 мамырда кезектегі 164 адам қоныстанды. 30 мамырда тағы 105 кезекте тұрғандар кілтін алды. 5 маусымда 111 отбасы жаңа үйлерге көшті. Ағымдағы жылдың 7 маусымында қоныс тойын Медеу-

сити тұрғын үй кешенінде 86 адам атап өтті.

Айта кетейік, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша 2024 жылы қаланың коммуналдық тұрғын үй қорынан халықтың әлеуметтік осал топтарының тізімі бойынша кезекте тұрған азаматтарға екі мың жалға берілетін пәтер беру жоспарлануда, оның ішінде 400 пәтер жетім балаларға берілетін болады.

«АЛМАТЫ» ТЕЛЕАРНАСЫНА – 25 ЖЫЛ

Мемлекет басшысы Almaty TV ұжымын мерейтойымен құттықтады



1999 жылы құрылған «Алматы» телеарнасы – еліміздегі байырғы телеарналардың бірі. Бұқаралық ақпарат құралы ретінде алғаш 1999 жылы 30 сәуірде тіркелгені мәлім. Бүгінде шаһардан бастап, еліміздің шартарабына ақпарат таратып отырған «АЛМАТЫ» телеарнасының құрылғанына ширек ғасыр толып отыр.

2

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

25.06.2024

Түнде:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+31+33 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 18м/с

26.06.2024

Түнде:



+23+25 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+33+35 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

9-14, найзағай кезінде екпіні 15-20м/с

www.almaty-akshamy.kz



ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ

«АЛМАТЫ» ТЕЛЕАРНАСЫНА – 25 ЖЫЛ

Мемлекет басшысы
Almaty TV ұжымын
мерейтойымен құттықтадыДосбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

«Телеарна осы ширек ғасыр ішінде көптеген тың жоба әзірлеп, игі бастамаларға ұйытқы болды. Түрлі ақпараттық, сараптамалық және мәдени-танымдық бағдарламаларды эфирге шығарды. Жұртшылықты қаланың және еліміздің тыныс-тіршілігінен хабардар етіп, көрермен қауымның лайықты бағасын алды. Бүгінде «Almaty» телеарнасы өз аудиториясы қалыптасқан республикалық медиакұрылымға айналды. Ұжым өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарып келеді. Сіздер алдағы уақытта да ел мүддесі үшін қызмет етіп, телевизия саласын заман талабына сай дамытуға үлес қоса бересіздер деп сенемін. Ұжымға толағай табыс және шығармашылық шабыт тілеймін», – делінген Президент құттықтауында.

леймін», – делінген Президент құттықтауында.

Сондай-ақ, мерейтойға орай телеарна ұжымына құттықтау жолдаған тұлғалар қатарында Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев, Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов, Премьер-министр Олжас Бектенов, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева бар.

Айта кетейік, осыдан екі жылдай бұрын, 2022 жылдың тамыз айынан бастап «Алматы» телеарнасы республикалық арна мәртебесін алып, еліміз бойынша таратылатын телеарнаның міндетті пакетіне ие болған еді. Сол жылы арнаға ребрендинг жасалды. Ақпараттық әрі ойынсауық жанрында жұмыс істейтін арна ақпараттық-сараптамалық, мәдени-танымдық бағдарламаларды шығаруға ден қоюда. Бұл да болса, нарыққа талабынан табылып, сұранымға сай ұсыным жасау болса-дағы, ел-жұрт-

тың мәдени-танымдық талабын қанағаттандыруға деген үлкен ұмтылысты аңғартады.

Телеарна мемлекеттік тілді сақтау мен дамытуға белсене қатысып, руханиятқа, отаншылдық пен мәдениетке негізделген құндылықтар жүйесін қалыптастыруға атсалысуда, қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылыққа қол жеткізуге сүбелі үлес қосуда. Осылайша телеарнаның мемлекеттік тілде хабар таратуының орташа тәуліктік көлемі 60 пайыздан асты. Қазақ тіліндегі меншікті өнім үлесінің 83 пайызға дейін ұлғайтылуы – айрықша айтуға тұрарлық ақпарат.

Соңғы екі жылда телеарна рейтингі 70%-ға өскен. «K Research Central Asia» мәліметтері бойынша, соңғы жылы бірегей көрермен саны 4,2 миллион болып, мемлекеттік тілдегі өзіндік өндіріс мөлшері 83%-ға жеткен. Телеарна ұжымы мерейлі жылы жаңалықтар эфирінде «25 қайырымды іс» айдарын, ал digital-платформада балаларға арналған «Арманыңа жет» атты жобасын жарыққа шығаруды жоспарлап отыр.

Алматының айнасына айналған телеарна ұжымына сәттілік тілейміз! Қазақ елін қуантағын бағдарламалар көбейе берсін! Мерейтойларыңыз құтты болсын!

САРАПТАМА

ЭЛЕКТРОМОБИЛЬДЕР НАРЫҒЫ

Қытай және батыс әлемі арасындағы текетірес күшейе түсті

Қазір еліміздің ірі қалаларында электрқолөкітерді жиі көреміз. Жұрт әсіресе қытайлық өнімге қызығушылық танытуда. Осы орайда автокөлік, оның ішінде электрқолөкігі нарығына талдау жасадық. Сөйтсек, қытайлық электрқолөкітер Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде сұранысқа ие екен. Мұны нарықтағы соңғы статистикалық мәліметтер дәлелдеп отыр.

ИМПОРТҚА
ШЕКТЕУ ҚОЙДЫ

Осыдан 10 жыл бұрын Қытайдың автокөліктері әлем нарығын жаулап алуы мүмкін дегенге ешкім сенбеген. Алайда, қазір бұл болжам ақырын іске асып келеді. Бұған басты себеп – Бейжіңнің енді ғана дамып келе жатқан электрқолөкі өндірісіне басымдық беруінде.

Жалпы экономика мен саясат бір-бірімен тығыз байланысты. Саяси шешім елдің, әлемнің экономикалық даму бағытын айқындайды. Автокөлік, оның ішінде электрқолөкі нарығы да соңғы онжылдықта әлемнің геосаяси ойын алаңына айналды. Саяси ойында ең белсенділері АҚШ пен ЕО, екінші жағынан Қытай.

2016 жылы АҚШ-та Дональд Трамптың президенттік мерзімі басталды. Ол сайлауда жеңіске жету үшін Қытай бейнесіндегі сыртқы жау образын ұтымды пайдалана білді. Жалпы, Трамп америкалықтардың ұлттық намысын Мексикамен арадағы шекарада қорған тұрғызу, Қытаймен текетірес мәселелерін пайдаланып сайлаушыларды өз жағына қаратты.


Трамп келгесін көп ұзамай Қытайды сауда соғысына итермеледі. Басты себеп, екі ел арасындағы саудада АҚШ жеңіле бастаған. Импорт көлемі экспорттан

асып кеткен. Ол кезде электрқолөкі өндірісі туралы сөз де болмаған.

2021 жылы Қытаймен сауда текетіресіне ЕО та қосыла жаздады. Электрқолөкіне байланысты келісімге келуге екі жақ та мүдделі болған. Алайда, Брюссель Шыңжаң-Ұйғыр автономиясындағы адам құқығының бұзылуы мәселесін сылтауратып келісімге келуден бас тартады.

Биыл АҚШ-ЕО бір жақ, Қытай екінші жақ болған электрқолөкі текетіресі қайта басталды. Мамырда АҚШ президенті Джо Байден қытайлық электрқолөкітері импортына шектеу қоятын заңға қол қойды. Енді 4 шілдеден бастап ЕО уақытша шектеу ретінде салық мөлшерін көбейтті. Шектеу биыл қарашаға дейін созылуы мүмкін. Себебі, монополияға қарсы ЕО органы қытайлық компанияларға қарсы тексерісті бастамақ. Бұған Бейжің бір жағы келіссөз үстеліне отыруға шақырса, екінші жағынан қарсы жауап беруге дайын екенін мәлімдеген. Бейжің келіссөзі сәтсіз аяқталса, Еуропадан экспортталатын кейбір тауарларға шектеу қоюы мүмкін.

Электрқолөкі нарығындағы геосаяси текетірестің шиеленісуіне биыл Еуропарламент пен АҚШ-ғы президент сайлауы әсер етуі мүмкін. Себебі, батыс ел-



(thechinaproject.com сайтынан алынды).

дерінде қоғамдық пікір, әсіресе автокөлік компанияларының лоббиінің ықпалы басым.

ҚЫТАЙДЫҢ
ҚҰПИЯСЫ ҚАНДАЙ?

Батыстық либералды көзқарасқа сүйенсек, мемлекет экономикаға араласпай сырттай бақылаушы болуы керек. Қазіргі экономикалық ғылымның атасы Адам Смит мемлекет нарықтың ісіне араласпауы керек деп тұжырымдаған. Шынымен де, мемлекет қол қусырып отыруы тиіс пе?

Корей экономисті Чхан Ха Чжун табысты экономиканың құпиясы мемлекеттік қолдау деп тұжырымдайды. Ол экономика тарихын зерттеп осындай қорытындыға келген. Ұлыбританияның нарықтық экономиканы дамытуда мемлекеттік қолдаудың ықпалы болғанын дәлелдеді. Қытайдың автокөлік нарығында да жағдай осындай.

2009 жылы Бейжің «Автокөлік өндірісін қайта қалпына келтіру» жобасын бекітті. Қытай

өзге энергия көздеріне негізделген автокөлік өндірісін дамытып, ірі қалаларда завод салуды көздеген стратегия қабылдады. Сол жылы Бейжің, Шэньчжэнь и Ханчжоу секілді 13 қалада электрқолөкітерін шығаратын зауыт іске қосылды. Орталық және жергілікті билік өндірісті қолдау мақсатында жеңілдіктер мен субсидия беруді қолға алды.

Осылайша ішкі нарық электрқолөкітермен қамтамасыз етілді. Алайда, 2019 Қытайда басталған COVID-19 пандемиясы автокөлік нарығына да кері әсер етті. Сұраныс азайды. Бұған қарамастан Бейжің тек ішкі нарыққа емес, сыртқа экспорттауды көбейте бастады. Бұл өз кезегінде электрқолөкі нарығын геосаяси ойын алаңына айналдырды. Себебі, автокөлік алпауыттары Қытай көліктері тарапынан қауіп көре бастады.

TESLA ӘЛДЕ BYD

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, электрқолөкі нарығы

жалпы нарықтағы көрсеткіштен жоғары емес. Алайда, ол жыл санап өсіп келеді. Себебі, іштей жанатын қозғалтқыштар электрқолөкіне қарағанда қымбат, әрі экологияға зиян келтіреді. BloombergNEF зерттеу тобы сарапшыларының болжамына сәйкес, биыл электрқолөкі саудасы былтырғымен салыстырғанда 21%-ға артпақ.

2023 жылы әлемде 14,2 млн электрқолөкі сатылған. 2022 жылы бұл көрсеткіш 10,7 млн болған. Қазір әлемдік электрқолөкі нарығында америкалық Tesla және қытайлық BYD компаниялары көш бастап тұр. АҚШ-та электрқолөкітерін алғаш рет Илон Маск басқаратын Tesla компаниясы шығара бастады. Америкалықтар былтырға дейін бұл нарықта ешкімге есе жібермеді. Алайда, 2023 жылдың төртінші тоқсанында қытайлық BYD-ке есе жіберді. Бірақ мұндай сәтсіздікке қарамастан жылдық көрсеткіш бойынша қытайлық компаниядан басым түсті.

Қай компания кімнен басым екенін болжау қиын. Дегенмен, АҚШ пен ЕО-тың Қытаймен арадағы геосаяси текетірес факторын ескерсек, BYD компаниясына оңай түспесі анық. Сондықтан нарықтық саясатты өзгертуі мүмкін. Себебі, батыс әлемінен бөлек өзге де елдер бар.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



МӘСЕЛЕ

БАТЫР РУХЫМЕН ОЙНАМАҢЫЗ!

немесе қоғамның азғаны ма, тозғаны ма?

Бірнеше уақыттан бері әлеуметтік желіде талқыланып, ел есінен кетпей тұрған ақпарат бар. Бұл – батыр бабамыз Бауыржан Момышұлына қатысты жағдай. Тарқатып айталық.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

дау-жанжал андитын болып алдық. Иә, арасында дұрысы да бар, бұрысы да бар. Оқырман жинау үшін бәріне баратын болдық. Бір жерден ілік іздеп, жұртты төбелестіріп қоятын жағдайға жеттік. Күллі ғаламтор өсек-аянға толды. Бұлай кете берсек, түбі не болады?

Бүгінде интернеттен мақала оқуға құлықсыз болып қалдық. Кілең шоу-бизнес, той-бизнес, ұятты істер қаптады. Қанша дегенмен, баяғы «Көркемдік кеңес» керек болып тұр. Әр видео-материалды сүзгіден өткізетін кез келді. Әйтпесе, әркім ұятсыз қылыққа бара береді. Бұның түбі – құрдым. Яғни ұлттық рухты жояды. Сондықтан ұлттық болмысты сақтау үшін оң-солымызға қараған жөн.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?



Зейнеп АХМЕТОВА, жазушы, Бауыржан Момышұлының келіні:

ХАЛЫҚТАН КЕШІРІМ СҰРАСЫН

Ата исі қазаққа ортақ алты Алаштың ардақтысы екені бұрыннан белгілі. Ұлттың рухани ар-намысы, символы болған адам. Халықтың жүрегінен орын алған ұлы тұлға. Сондай биік адамды мазаққа айналдыру қандай ғана адамның көңіліне, ниетіне барғанын түсінбедім. Маған хабарласып, кешірім сұрайық деп жатыр. Менің атам бір шаңырақтың атасы емес, ол халықтың ұлы тұлғасы. Олай болатын болса, ағаттық жібергендер халықтан кешірім сұрасын.

Кейінгі кезде ұлы адамдармен ойнайтын тексіздік көбейіп кетті. Бұларға заң жүзінде тосқауыл керек. Неге ұлы тұлғалардың әруағынан қорықпайды? Ойын көрсеткенде өзінің құрбы-құрдасын көрсетсін, бірақ ата сияқты әруақты адамды келемеж қылуға қалай ғана дәті барады? Кейінгі кездері осындай ұлы тұлғаларға шабуыл жасау жиілеп кетті. Бұндай болмаса екен.

Атаны пір тұтамын. Портретінің алдына барып сәлем саламын. Дұға қыламын. Мен атаның атын шулатып, ондай іске барған емеспін. Бастысы, қазақ халқы кешірім берсе, біз де ойланып көрейік дегім келеді.



Байғали ЕСЕНӘЛИЕВ, театр және кино актері:

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛУЫ КЕРЕК

Әр мемлекетте ұлттық құндылықтарға көздің қарашығындай қарайтын заңдар бар. Мәселен, ұлттық құндылығына қол сұғатын болса, тіптен өлім жазасына дейін кеседі. Әрине, оның беті аулақ болсын. Дегенмен, ұлттың құндысына тиіскендерді тезге салатын заң өте қажет. Көпшілік болып осыған атсалысу қажет. Осындай заң-закон қоғамға аса қажет болып тұр. Бүгін батыр Бауыржан Момышұлын келемеждесе, ертең ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлын, оның аржағындағы ұлы ақындар Абай мен Жамбылға шықпаса кім кепіл? Сондықтан да бұл өте ұят тірлік болды. Осыны жасағандар қалай бұған жол берді, еш миым жетер емес.

Өткенде киіз үйдің ішінде жартылай жалаңаш билеп шыққандар және бар. Осының бәрі ұлттық құндылыққа тиісіп, маскаралау. Қайталап айтам, мұны тиатын тиісті заң керек. Заң бар жерде, тәртіп болары анық.

БАЙЫПТАМА

ЖАНУАРЛАР ДА ЖАЙЛЫ ӨМІР СҰРУГЕ ҚҰҚЫЛЫ

Өткен ғасырдың орта шенінде Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы қабылданды. Адамның ортақ құқығы туралы сөз етудің өркениет тарихы тұрғысынан символдық мәні зор еді. Себебі, адам атаулының хақы мен бостандығын теңестіру өркениеттің ең үлкен жетістігі саналуға тиіс. Дегенмен, өркениеттің бүгінгі таңында адам құқығы әлемнің барлық елінде бірдей қорғалып отырған жоқ. Соған қарамастан кейбір дамыған елдерде адамды былай қойып, жан-жануарлардың құқығын қорғау бойынша ілгері қадамдар жасалып жатыр. Бұны қарама-қайшылық деуге келмейді, керісінше дамудың әртүрлі деңгейі деп түсінген жөн болар. Сондықтан да қоғамға мәселенің мәні мен маңызын, оның келіп шығуын және шетелдік тәжірибелер турасында мәліметтердің қолжетімді болуы маңызды.

ҚАЛАЙ ДА БАСЫП
ӨТЕТІН ЖОЛ

Ерте ме, кеш пе, елімізде де жануарлар құқығы тақырыбы өзекті болары сөзсіз. Бұл басқышқа қашан жетеріміз маңызды емес, маңыздысы, оған дейін қандай жолмен жүруде. Әлбетте, елімізде адам хақы, азаматтардың құқығы мен бостандығына қатысты сындар әлі де айтылып жатқанда, жан-жануарлардың құқығы, олардың қорғалуына қатысты сөзді артық санайтын дандар табылады. Десе де, жануарлардың құқығы туралы заң қабылдау мәселесін қашан болмасын талқылайтын боламыз. Себебі, бұл біздің өркениетке бағытталған көштерге қалай да басып өтетін жолымыз.

Мәселені тағы бір қырынан қарауға болады. Айталық, біздің қоғамда құндылықтар шайқасы болып жатқанын, әрі оның барған сайын қыза түскенін ешкім жоққа шығара алмайды. «Құлақ естігенді көз көреді». Жаһандану үрдісін «бар» я «жоқ», «жақсы» не «жаман» деп пікір таласа жүріп, өзіміз де сол әлемге барған сайын кірігіп, біртұнғаланып бара жатырмыз. Бұрын әлемнің әлдебір түкпірінде осындай бір дәстүр, мынадай бір жосын болады екен дегенді еміс-еміс естіген болсақ, енді сол нәрселер өз қоғамымызда талқылап, заң-ережелер бекітуге мәжбүрміз. Үрдісті бұлай дамуынан біз алдағы уақытта жаһандық құндылықтар мен ұлттық құндылықтарды ұдайы саралап, балансын тауып отыруға тиіс екенімізді көрсетсе керек.

БҮЛ ҚАЙДАН
ШЫҚҚАН?

Бұл өркениеттің өзіндік заңы. 350 мың жыл бұрынғы неандерталь адамдарынан бүгінгі өркениет адамның айырмашылығы көп. Осы көп айырмашылықты пайда қылған бір ғана нәрсе болуы мүмкін, яғни қоректену тәсілі. Әр реткі қорегін тауып, азықтануға жұмсауға уақыты мен тәсілі өркениет пен жабайы тіршілік иесін ажыратады. Иә, дәл осылай қарапайым. Неандерталь адамы бір рет тоя тамақтануға 1 не 1,5 күн уақытын жұмсайтын болса, бүгінгі адам бірнеше апталық, тіпті бірнеше жылдарға дейінгі азықтығын алдын ала қамтамасыз етуге қабілетті. Азықтығын қамтамасыз етуге жұмсалатын уақыт эволюциямен бірге 100 мыңдаған жылдар бойы қысқарып отырған. Міне, осындағы қорегін аулаудан тысқары мейлінше мол уақыт бүгінгі өркениеттің барлық жетістігін жаратқан. Ал өркениет адамы тек қарын қамы үшін тірлік кешетін жабайы тіршілік иесінен мүлде жаңа әрі биік сапаға өскен. Ендігі өркениет адамы азықтанудың, тіршілікке қажетті энергия алуын жабайы тәсілдерінен баз кешіп, өркениетті болмысына тән жаңа тәсілдерін іздейді. Осылайша бір кездері азық ретінде, өндірістік құрал ретінде саналған жан-жануарлар өркениет қоғамында барған сайын басқа сипатқа ие бола түседі. Әрі өзі секілді жанды тіршілік иесімен қоректену болашақ адамдар үшін тіпті де тұрпайы, жабайы құбылыс ретінде сипатталады.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жануарлардың құқығын қорғаудың құқықтық деңгейге көтерілуіне вегетарианшыл қоғамдардың дамуы да үлкен әсер етті. Вегетариан қоғамы ең алғаш 1847 жылы Англияда құрылғанымен, вегетарианизм бастауы адамзат өркениетінде буддизм, индуизм, джайнизм секілді көне діндермен бірге ерте енген. Егер осы көне ілімдердегі вегетарианизмге арқау болған өзекті идеяға көз жіберсек те адамның биік сапасын, жан-жануарларға зәбір жеткізбейтін ғаламнан, қоршаған ортадан әлдеқайда биік адами сапаға жетуге деген ұмтылыс жатар.

ДАМЫҒАН ЕЛДЕРДЕ...

Жоғарыда атап өткеніміздей, жануарлардың құқығын қорғау тақырыбы өткен ғасырдың екінші жартысынан тартып дамыған ел-

дерде жедел дамыды. XIX ғасырдан тартып Батыс елдерінде жануарларға қатысты ресми ережелер, заңдар пайда бола бастады. АҚШ-та 1873 жылдың өзінде «28 сағаттық заң» атты жануарлар құқығына қатысты ережелер қарастырылған. Онда сойыс малдарынан тартып үй құстары, мініс көліктері кемінде 28 сағатта бір рет демалу, азық пен су беру міндеттелген. 1958 жылы «Малды «адамша сою» немесе «мал союдағы адамгершілік» дейтін заң қабылданды. 1978 жылы заңға тиісті түзетулер енгізілді. Онда сойылатын малдың ауырысуын азайту үшін алдымен малды есінен тандыру талап етілген ережелер болды.

Ал Жануарларды қорғау туралы федералдық заң 1966 жылы қабылданған. Бұл заң негізінен хайуанаттар бағында ұсталатын, зертхана-

ларда пайдаланылатын жануарлар, сондай-ақ, коммерциялық жолмен өсірілетін жануарлардың құқығын алғаш болып қарастырған. Әр штатта жануарларды қорғау заң-ережелер әртүрлі, кей штаттар қатаң ережелер бекіткен. Ал жануарларды қорғау туралы федералды заң осыларды ортақ тұстарын біріктіреді. Осыған ұқсас өзге дамыған елдерде жан-жануарларды қорғау туралы заңдар барған сайын ауқымын кеңейтіп келеді. Бірте-бірте Батыс әлемінде «Жануарлар құқығы доктринасын» мәселесі талқылана бастады. Оның 6 негізгі мазмұнында: Жануарларға эксперимент жүргізбеу; азық-түлік, киім-кешек немесе дәрі-дәрмек үшін өсірмеу, өлтірмеу; ауыр жұмысқа пайдаланбау; қажетсіз бұдандастырмау; аңшылық жасамау; ойын-сауық пен хайуанаттар бағы үшін ұстамау сынды талаптарды қарастырады. Дегенмен, бұл талаптар бойынша доктрина дамыған елдер ортасында әлі де таласты күйде тұр. Дегенмен, технологиялық дамудың келесі бір сатысында мұндай доктриналарды барлық ел қабылдауы мүмкін.

Әлем елдеріндегі бұл үрдіс тебінен қарап, көп ұзамай Қазақстанда жануарлар құқығын қорғау туралы кеңейтілген құқықтық нормативтер қабылдауына тура келеді. Әр жылғы Құрбан айт қарсаңында он мыңдаған мал сойылатын елде бұл заң үлкен талас тудырады сөзсіз. Дегенмен, ұлттық жадымыздағы «малды басқа ұрмау» тыйымдары, «сенде жазық жоқ, менде азық жоқ» жосындары, «төрт түліктің иесі мен киесі» (Қамбар ата, Ойсыл қара), Шопан ата, Шекшек ата, Ойсыл қара) сынды сакральді элементтеріне қарап мұндай құндылықтың бізге тым жат еместігін көре аламыз. Демек, мәселе ұлттық құндылықтарымыздан баламасын дәл тауып, үйлесімді ете алуға тұрғандай.

Естай
БОЖАН,
сарапшы.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ЖАҢА ҒИМАРАТ

ТАЛАП БОЛСА, ЖҰМЫС КӨП

Алматыда 9 мыңнан астам жас комьюнити-орталықтың арқасында жұмысқа орналасты

Алматыда жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі биылғы жылдың бірінші тоқсанында 5,2%-дан 4,6%-ға дейін төмендеді.

Алматыда жастар үшін тағы бір жаңа тартылыс нүктесі ашылады. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Жетісу ауданын аралау барысында жастардың комьюнити-орталығын ашуға арналған жаңа ғимаратта болды.

Айта кетейік, бұл аудандағы комьюнити-орталықтың екінші филиалы, біріншісі Боткин көшесі, 16 мекенжайында орналасқан.

Жалпы ауданы 645 шаршы метр ғимарат осы жылдың сәуір айында бос жерде салынған. Жаңа комьюнити-орталықты ашу үшін инклюзивті тәсілді ескере отырып, жаңғыртылып жатыр. Сондай-ақ, орталық аумағында шағын сахна мен баскетбол алаңын орналастыру жоспарланған. Жұмысты 2 айдың ішінде аяқтау көзделген.

Ашылған соң мұнда креативті қоғамдық кеңістік пайда болып, әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес беру, психологиялық және заң-



герлік көмек, жаңа мамандық алу бойынша қысқа мерзімді курстар сынды жастарға қажетті қолдау шаралары ұсынылады.

Ерболат Досаев әр ауданда жастарға арналған комьюнити-орталықтар құру тәжірибесі оң нәтиже бергенін атады. Биылғы бірінші тоқсанның өзінде 9 мыңнан астам жас жұмысқа орналастырылды, ал жастар

арасындағы жұмыссыздық деңгейі 5,2%-дан 4,6%-ға дейін қысқарды.

Қалада Алматы әкімдігінің жобалық кеңсесі аясында барлығы 8 комьюнити-орталық ашылған. Олар күнде, демалыссыз жұмыс істейді. Орталықтарға күн сайын орта есеппен 300 адам келеді. 2025 жылдың соңына дейін осындай 16 орталық жұмыс істемек.

БРИФИНГ

«Almaty Business» порталы құрылады

Мегаполисте 406 мыңнан астам жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілері тіркелген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласының «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Нұрсұлтан Шоқанов мәлімдеді.

ӨКҚ спикері Қазақстан экономикасындағы ШОБ үлесі ЖІӨ-нің 30,8%-на жететінін және 3,3 млн адамды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ететінін ескере отырып, осы сегментті қолдау негізгі бағыттардың бірі болып табылатынын атап өтті.

Биыл сәуір айында Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының Үрімші қаласында өз өкілдігін ашқан. Осындай өкілдікті Қытай тарапы Алматы ӨКП базасында ашты. Осының арқасында ұсыныстар мен келісімдер көбірек болды. Осындай келіссөздердің нә-

тижесінде Қытайдағы ең ірі автоконцерндердің бірі – GAC компаниясы Алматыда өндіріс ашуға ниетті.

– «Almaty Business» порталы құрылуда. Оған 4 негізгі компонент кіреді: портал-бизнеске арналған қызметтердің бірыңғай маркетинг, оқыту, сауалнамалар, аналитика. Онда біз кәсіпкерлікті дамыту мақсатында бизнестің пайдасы үшін барлық цифрлық әзірлемелерді шоғырландыруға тырысамыз. Мұның бәрін біз қаланы дамытудың басымықтығына байланысты жасаймыз. Бизнес пен қоғамдық мүдделер бірігіп кетуі мүмкін», – деді Нұрсұлтан Шоқанов.

бизнес және қонақжайлылық салаларының сарапшылары осы және басқа да көптеген тақырыптарды жеті пікірталаста талқылады.

– Алматы – еліміздің қаржылық, мәдени және туристік астанасы. Соңғы бір жылда қалаға 2 миллионнан астам турист келсе, оның 540 мыңы шетелдіктер. Шетелдік туристердің шамамен жартысы Алматыға арнайы гастрономия үшін келеді. Туризм экономикалық тұрғыдан қала үшін маңызды салаға айналады. Тек салық бойынша өткен жылы 72 миллиард теңгеге жуық қаржы жиналды. Бұл 160 миллион долларды құрайды. Өсім 64%-ды құрады. Бұл біз үшін өте маңызды болып табылады. Туризм белсенді қайтарымды, үлкен жұмыспен қамтуды қамтамасыз етеді. Бұл салада 80 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Алматыда 100-ден астам ұлттың өкілдері тұрады және бұл мәдени және гастрономиялық әртүрлілік қаламызды таулары мен табиғатымен бірге ерекше етеді, – дейді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров.

Конференциядан басқа, 17–23 маусым аралығында қала үлкен қалалық фестивалге айналды. Мейрамханаларда арнайы фестиваль мәзірінен дәм татып, The World’s 50 Best Restaurants and Michelin жұлдызды аспаздарының қатысуымен гастрономиялық кешкі астарға қатысуға болады. Кешкі астар алғаш рет мейрамханалардан тыс жерде және қаланың танымал орындарында ұйымдастырылды.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

КЕЗДЕСУ

ҚОЗҒАЛЫСТА
ҚАУІП ЖОҚМетрополитенде
шағымнан кейінгі
жағдай түсіндірілді

Әлеуметтік желілерде тозған қалыптар көрсетілген бейнероликтің таралуына байланысты БАҚ өкілдерімен Алматы метрополитенінің басшылығы 21 маусымда кездесу өткізді. Компанияда хабарланғандай, бұл бейне кәсіпорын басшылығы анықтағаннан кейінгі ескі қалыптардың сапалы – жаңа қалыпқа ауыстырып жатқанда түсірілген. Бейнежазбаны метрополитен басшылығының тапсырмасымен мамандар түсірген.

Ернұр
РЫСБАЙ

Электродеподағы кездесуде директордың міндетін атқарушы Алмасбек Орынбеков пайдану мерзімі өткен қалыптардың сапасыз екенін түсіндірді. «Бұл қозғалыс қауіпсіздігіне әсер етпейді. Тек жиі ауыстыру керек, өйткені олар тез тозады. Мысалы, стандарт бойынша қалыптар 6 айға дейін жұмыс істеуі керек, ал бұл қалыптар орнатылғаннан кейін 3 ай ішінде үгітіле бастады», – деді ол.

Метрополитеннің баспасөз қызметінің хабарлауынша, тексеріс аясында және мессенджерлердегі қылмыстық істерді қозғау мүмкіндігін туғызу үшін бұқаралық ақпарат құралдары арасында метрополитен қызметкерлерінің 2023 жылдың 4 желтоқсанында тағайындалған қазіргі басшының м.а. атқарушы Алмасбек Орынбеков жұмыстан шығарғаны туралы анонимді ақпарат таратқан. Мұндағы мақсат – әртүрлі мемлекеттік органдардың да, жұртшылықтың да, соңғы жылдары құқық қорғау органдары тексеріп жатқан бұзушылықтардан назарын бұру.

Директордың міндетін атқарушы бұл бастамашыл топ БАҚ өкілдерін бірнеше рет шақырғанын және шағымды түрлі инстанцияға жібергенін хабарлады. «Олардың өтініші бойынша тиісті органдар тексеріс жүргізіп, тиісті шара қабылдайды. Қазір сол адамдар айтқан барлық бұзушылық іс жүзінде бұрыннан белгілі, қызметтік тергеулер, ішкі және сыртқы аудиттер жүргізілгенін, кейбір материалдың қорытындысы, тіпті құқық қорғау органдарына берілгенін атап өткім келеді», – деп сөзін түйіндеді А.Орынбеков.

ТУРИЗМ

Дәм арқылы да туристерді
тартуға болады

Әлемдік сарапшылар «Almaty Crossroads» конференциясында Алматыдағы гастротуризмнің келешегін талқылады.

22 маусымда Қазақстан–Британ техникалық университетінде (ҚБТУ) Almaty Crossroads ауқымды конференциясы өтті. Іс-шараға Қазақстан, Нидерланды, Катар, Индонезия, Оңтүстік Корея, Бельгия және басқа елдерден 30-дан астам сарапшы қатысты. Қатысушылар арасында Леонид Парфенов, Нұрлан Смағұлов, Асқар Байтасов сияқты көрнекті тұлғалар, Michelin және The World’s 50 Best Restaurants өкілдері, сондай-ақ Mathaf өкілдері: Араб заманауи өнер мұражайы (Катар мұражайлары), Целинный заманауи мәдениет орталығы және Алматы өнер мұражайы өкілдері болды.

Almaty Crossroads конференциясының миссиясы – эмоционалды және әлеуметтік маңызды өзгерістерді қалыптастыру үшін арнайы кеңістік құру. Конференция «Неге адамдар ұлттық тағамдарды татып көру және жаңа елді ашу үшін мыңдаған шақырым жол



жүруге дайын? Қай қалада тұру және туристерді қабылдау жақсы? Алматыны қалай көрікті жерге айналдыруға болады?» деген секілді маңызды сұрақтарға жауап беруге арналды. Урбанистика, гастрономия, өнер,



ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ

Адамның қарызы азаймаса, жағдайының жақсармайтыны анық. Дегенмен, бүгінде екінің бірі банкке берешек, яғни қарызы бар. Несиені несиemen, қарызды қарызбен жабатындар үшін бұл үйреншікті жағдайға айналған. Алайда, ендігі жерде еліміздегі несие беру тәртібі өзгеріп, шарттары қатаңдатылатын болды. Бұдан былай банк алдындағы борышын 90 күннен кешіктіргендер қайта несие ала алмайды. Бұл заңға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен аптада қол қойды. Енді ол екі айдан кейін күшіне енеді.

Ресми ақпарат көзіне сүйенсек, қазір азаматтардың қарызы 17 триллион 800 миллиард теңгеге жеткен көрінеді. Нақтырағы, 1 триллионға жуық несие бойынша төлем 90 күннен кешіктірілген. Мәселен, жұмысқа жарамды 9 млн адамның 6 млн-ында несие бар. Ал оның ішінде 2 млн азамат берешегін 90 күннен астам уақытқа кешіктіріп жүр.

Өңірлер арасындағы займдар көшін Алматы қаласы бастап тұр. Сондай-ақ, Астана қаласы, Алматы мен Түркістан облыстарында да тұрғындар несиені көп мөлшерде рәсімдеген.

Жалпы, қазіргі қоғамда несие, қарыз мәселесі азаматтарды қиын жағдайға душар ететін ғасыр нәубетінің біріне айналып отыр. Бұл мәселе 2019 жылдан бастап кеңінен белең алды. Әсіресе, микроқаржылық ұйымдардан алынған қарыз көбейді. Микроқаржылық ұйымдар туралы заң 2007 жылы бекітілгенімен, 2019 жылға дейін несие беретін бұл ұйымдар туралы айтарлықтай мәселе болмаған еді. Тек сол жылдан бастап елдегі эпидемиалға, азаматтардың жұмыссыз қалуына байланысты көбі көшеде тұратын сенімсіз терминалдардың өзінен несие ала бастады. Өкінішке қарай, микроқаржылық ұйымдардың сыйақылары заңға қайшы. Заңда ең көп үстеме төлем 56 пайыз болса, қаржылық ұйымдар заңды сақтамай, 100, 200



Сурет ашық дереккөзден алынды.

ЕНДІ ЕСЕПСІЗ НЕСИЕ ЖОҚ

пайызға дейін көтеріп жіберген. Әрі микроқаржылық ұйымдардың көбінде лицензия жоқ. Елімізде 2021 жылдан бастап оларға лицензия алу талабы қойылды. Егер азаматтар микроқаржылық ұйымнан қарыз алып, бірақ ұйымның лицензиясы бар-жоғын білмесе, негізгі қарызды ғана қайтаруға құқығы бар.

Қаржы сарапшылары мен заңгерлер жаңа заң азаматтардың қаржылай сауатты болуына көмегін тигізеді деп санайды.

«Коллекторлардың борышкерлерге деген қарым-қатынасы өте нашар. Заңсыз әрекетке де жиі барады. Банктерде отыратын «коллекторсымақтарды» да көріп жүрміз. Олар әр жерден офис ашып алып, құқықтық сауаты жоқ азаматтарды «тонап» келеді. Меніңше, несиедегі төлем 90 күннен кешіктірілсе, пайыздық өлшем қаншаға өсті, сол күйінде қалуы керек деп

ойлаймын. Тіпті, олар 90 күн ішінде несиені өтеу кестесін жасамай, қарызды көбейте береді. Екіншіден, бізде банкроттық туралы заң шықты. Бірақ көбі бұл жүйені түсінбей ме, әйтеуір қолдана алмайды. Өйткені, банк қызметкерлері түсіндіру жұмысын дұрыс жүргізбейді. Негізі, әрбір банктің ішінде халыққа қызмет көрсететін бөлім болуы керек. Меніңше, коллекторлық компания дегенді заң жүзінде жоқ қылу керек деп санаймын.

Жақында маған Қытайдан көшіп келген М. есімді азаматша заңгерлік көмек сұрап келді. Оған өзін «сотқа дейінгі өндіріп алу бөлімінің менеджерімін» деп таныстырған тұлға ұялы телефон нөміріне 1 миллион 800 мыңнан астам несиені жабу туралы хабарлама жібереді. Көрсетілген мекенжайға бардық. Несиені өтеу кестесін жасау үшін алдымен 433 мың теңге төлеу керек деген соң, айтқанын орындадық. Бұл жердегі мәселе – ашық түрде жариялым жоқ. Заңгер ретінде кепілсіз несие беруге қарсымын. Онлайн несие рәсімдеуде де алаяқтық жиі болып тұрады», – дейді заңгер Амангүл Қыданқызы.

Мысалы, тұтынушы 500 мың теңге жалақы алады. Ол жалақысының 50 пайызын несие өтеуге жұмсап, заң бойынша банктер несие бермейді. Тіпті, азаматтың несие тарихы өте жақсы болса да, банктер қарыз бере алмайды. Бірақ бұл жерде микрозаймдар заңсыз несие беруі мүмкін. Занды белінен басып, кез келген адамға несие беретін болса, борышкер азаматтар саны көбейе бермек. Бұл заң – бәріне ортақ. Сондықтан барлығы бірдей осы заң аясында жұмыс істеуі керек. Тұтынушыда несие төлеу мерзімі 90 күннен асып тұр ма, жалақысының жартысы несие төлеуге жұмсалса, кез келген микрозаймдар мен банктер ол адамға несие бермеуі керек. Заңсыз әрекетке баратындарды қатаң түрде қадағалау қажет.

Тағы бір мәселе – қазір банк қызметкерлері тұтынушымен сөйлеспейді. Пайыздық өлшемі болса, 1-2 рет хабарласады да, несиесін коллекторларға сатып жібереді. Жаңа заң бойынша 2026 жылдың мамырына дейін банктер мен микроқаржылық ұйымдар тұтынушының несиесін коллекторлық компанияға сата алмайды.

Жаңа заңға сәйкес несиесі бар азаматтар Отан алдындағы борышын өтеп жүрген кезде және әскерден оралған соң 2 ай бойы оның қарызына өсімпұл есептелмейді. Содан кейін ғана несиесін төлеу міндеттеледі.

Одан кейінгі мәселе – биометриялық сәйкестендіру жүйесі (Face ID). Бұл функция банктен онлайн несие алған кезде берілетін. Енді заң талабына сәйкес ақшанды алғанша, жүйе Face ID бойынша жұмыс істейді. Бірақ қазір ватсап желісінде бейнеқоңырау арқылы адамның биометриясын заңсыз алып, несие алатын алаяқтар көбейді. Азаматтар Face ID-ін ешкімге бермеуі керек. Осы жағынан да көбірек түсіндірме жұмыстары жүргізілуі керек. Алаяқтық фактілері дәлелденсе, қарыз кешіріліп, несие тарихынан алынады.

МАМАН ПІКІРІ

Перизат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
қаржыгер:

БАНК ОМБУДСМЕНІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ КҮШЕЙЕДІ



Бұл заң 17 негізгі бағыттан тұрады. Біріншісі, егер азаматтар 5 миллионнан бастап несие алғысы келсе, заң жүзінде әйелінің немесе күйеуінің келісімі керек. Статистикаға жүгінсек, қарызын төлей алмай жүрген азаматтардың көбі банктен 800 мың – 1,5 миллион теңге аралығында несие алған. Сондықтан 5 миллион теңге емес, 800 мың теңгеден бастап несие алғандар үшін күйеуінің немесе әйелінің келісімі болуы керек деп санаймын. Сонда бұл заң арқылы 85 пайызды құрайтын борышкерлердің ең болмаса, 10–15 пайызының қарызы азаяр еді. Сонымен қатар, бұрын банк омбудсмені ипотекалық дауларды қарайтын. «Банк және банк жүйесі туралы» заңның 40-бабында банк омбудсменінің қызметі анық көрсетіліп келді. Енді олардың міндетіне микрозаймдар да қосылып отыр.

Банк омбудсмені банк пен жеке тұлға арасындағы ипотекалық қарыз шартынан туындайтын келіспеушіліктерді реттеу бойынша жұмыс істейді. Микроқаржылық ұйымдардың мәселесі де енді омбудсмен арқылы шешілетін болады. Мысалы, борышкер азамат ауырып қалады немесе басқа да жағдай болады. Микроқаржылық ұйымға барып, отбасылық жағдайын түсіндіреді. Пайыздық өлшемін қоспай, негізгі қарызын бөліп төлеуге өтініш жазады. Бірақ көбіне микрозаймдар өтініштерді қарамай, алдына барып тұрған

азаматтарды дұрыс қабылдамайды. Қабылдаған күннің өзінде ешқандай шешім шығармай, бірден коллекторлық компанияға сатып жіберетін. Енді бұл жерде микро-займға байланысты дау-дамайды банк омбудсмені шешеді. Егер азамат өзінің құқығын қорғай алмаса, омбудсмен келіп, банктер арасындағы мәселені шешуге көмектеседі. Халықтың сөзін сөйлейтін болады. Осы жағынан ұтарымыз көп.

Сондай-ақ, несие төлемін өтеу мерзімі 90 күннен асса, бірде-бір банк несие, ипотекаға үй бермейді. Бірақ бұл талап бұрыннан бар. Ішінара банктердің арасындағы тәртіппен жұмыс істесе, енді бұған заң жүзінде қатаң тыйым салынбақшы. Бұл жерде несие қайта қаржыландыруға өтпейді. 90 күннен асқаннан кейін, ипотекаға несие бермейді. Бірақ несие алушы несиесін басқа банкке аударғысы келіп тұрса, онда қайта қаржыландыруға рұқсат беріледі. Яғни банктен 300 мың теңге несие алып, ай сайын 50 мың төлейді.

Басқа банкке қайта қаржыландыру жасаса, ай сайынғы төлем 50 мың емес, 30 мың болады. Тұтынушыға қолайлы жағдайға бола, қайта қаржыландырылғанын көрген соң, рұқсат береді. Бұрын ол үшін 300 мың теңге қайта қаржыландыру жасайтын еді. Бірақ олар артығымен 500 мың теңге алатын.

Қазір қайта қаржыландыруға қанша ақша бар, сол ақшаны ғана береді. Осы жерде кішігірім шикілік байқалады. Қазір азаматтарға қолма-қол береді немесе шотына аударады. Ал бұл жерде заң бойынша несиені жабамын, рефинанс жасаймын деген банкке аударғаны дұрыс. Сол кезде ғана борышкер қолындағы ақшаны жаратып қоймай, несиесін жабар еді. Ал бізде көбіне қайта қаржыландыру жасап, несиені несиemen жабамын деп алады да, соңында қарыздарын өтей алмай қалады. Алған несиесін уақытында төлей алмай, оны одан сайын көбейтіп жатыр. Сондықтан осы жағын да ескерген жөн.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Елімізде азаматтардың қарызы
17 триллион **800**
миллиард теңгеге жеткен.



Жұмысқа жарамды **9** млн
адамның **6** миллионында
несие бар.



Былытыр
29 микроқаржы ұйымы мен
14 коллекторлық агенттік
жабылған.



Несие туралы заң жобасы
17 бағыттан тұрады.

ТҮЙІН:

Бұл заң азаматтардың қаржылық жағынан сауатты болуына, қаржылық дағдарыстан аман-есен құтылуына септігін тигізеді.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

«АЛМАТЫҒА АЛҒАШҚЫ САПАРЫМ»

Дәстүрлі және жаңа медиаларды біріктіріп отырған біздің «Alatau Aqparat» медиахолдингі бүтінде іргелі ақпараттық өндіріс базасына айналып келеді. Олай дейтіміз, ол аудиториясына сапалы ақпарат жеткізуші ғана емес, болашақ кәсіби мамандар үшін нақты тәжірибелік алаң да ұсына алатын деңгейге жетті. Қазір медиахолдингіте отандық жоғары оқу орындарының студенттерімен қатар, шетелдік жастар да өндірістік тағылымдамадан өтуде.



Түрік жастары «Alatau Aqparat» медиахолдингіде тәжірибеден өтуде

лицейінің студенттері журналистика, радио, телевидение және графика саласын меңгеріп жатыр. Оқу орны төрт жылдық. Олар меңгеріп жатқан мамандығын өндірістік тәжірибемен ұштастыру маңызды деп біледі. Бұл болашақта өздерінің жақсы маман болып шығуына, табысты болуына қажетті баспалдақ деп біледі.

Иә, «Alatau Aqparat» медиахолдингі медиахолдингі мен Түркия оқу орны арасындағы бұл ынтымақтастық келісім қазақ-түрік жастарының өзара тәжірибе алмасуына алтын көпір орнатып отыр. Осы орайда, халықаралық мәнге ие мұндай серіктестік Қазақстан бойынша алғаш рет жүзеге асырылып отырғанын айта кеткіміз келеді.

Түркиялық жастар біздің дәстүрлі медианың мол тәжірибелік базасы және бүгінгі ақпараттық қоғамдағы қызметі мейлінше қызығушылық тудырып отырғанын жасырмайды. Айдын Доған атындағы Анадолы кәсіптік-техникалық лицейінің студенттері Аслынұр Жерен Генч, Хюсна Гиргин және Пелин Аргунның Қазақстан жерінде, оның ішінде алып Алматы мегаполисінде жүргеніне, «Alatau Aqparat» медиахолдингіде өндірістік тәжірибеден өтіп жатқанына айдан асты. Олар не көрді, не ұнады, не сезінді, не түйді екен, сол туралы білмекке әңгімеге тартқан болатынбыз.



Аслынұр
Жерен ГЕНЧ:

«Almaty
aqshamy»-ның
бірнеше данасын
алып кетемін

Біздің лицейде ErasmusPlus жобасы жұмыс істейді. Сол жоба жастарға тәжірибе жинауға мол мүмкіндік беріп отыр. Лицей директоры Сердар Караташтың қолдауымен біз қазір Қазақстанға келіп, Алматыда жарық көретін «Almaty aqshamy» газеті мен сайтында үш айлық тағылымдамадан өтіп жатырмыз. Суретке түсіру, хабар дайындау, бет дизайнын жасау сынды жұмыстарды бұған дейін де меңгердім. Осы елдегі өзгеше тәжірибелерді қабылдап, қазақ және орыс тілдерін меңгерсем деймін. Сол арқылы өзімізді дамытуды көздеп келдім.

Байқауымша, қазақ журналистикасы мен түрік журналистикасының арасында айырмашылықтар бар. Мұндағы газеттерде мәдениет пен өнерге көбірек көңіл бөлінетінін байқадым, бұл мені қатты қызықтырды. Сіздерде жылылыққа толы жаңалықтар басым. Ал біздің газеттерде тақырыптар неғұрлым қатал және кездейсоқ болып келеді.

Алматы маған бірден ұнады, бәлкім бұл менің шет елге шыққан ең алғашқы сапарым болғандықтан шығар. Қалай болғанда да, Алматы қаласының менің өмірімде ең үлкен орын алатынына, тіпті, жүрегімнің түкпірінде ең аяулы естеліктер ретінде сақталатынына сенімдімін.

Алматы өте жайлы шаһар екен. Тұрғындары өте мейірімді. Сырттан келгенінді біле қойып, бірден қолұшын созуға әзір тұрады. Маған мегаполистің барлық жері ұнайды десем, әсірелегеніміз емес. Алматыға келмес бұрын оның жасыл желекке оранған жайлы қала екенін естіген болатынмын. Енді, міне, өзім де көз жеткізіп, дәл ортасында жүрмін. Иә, өте қауіпсіз қала, көшелерінде, саябақтарында алаңсыз қыдырып, серуендеп жүре бересіз. Жап-жасыл, жастар қаласы. Менің жарқын сәттерімнің осында өтіп жатқанына қуаныштымын. Маған күнде жүретін жолдарым, қоғамдық орындар өте ыстық болып барады.

Өрине, елімді сағындым. Туып-өскен жерімнен, отбасымнан, достарымнан жырақта жүргеніме айдан асты, сағынышымды сабырға жеңдіріп үйреніп жүрмін. Қалай болғанда да, мен қазақ жеріне келгенім үшін қуаныштымын.

Түркияға қайтарда өзімнен бірге міндетті түрде «Almaty aqshamy» газетінің бірнеше данасын алып кетемін. Бұл газет менің ересек өмірге жасаған алғашқы қадамдарынан естелік болып қалады деп ойлаймын. Сосын Алматыдағы рухани кештерге, музейлерге барған билеттерімді де сақтап қоятын боламын.

Қазақ және түрік тілдерінде ұқсас сөздер көп. Бірақ алфавиттегі кейбір әріптерді айта алмайтындықтан қиналып жүрмін. Маған қазақша ең ұнайтын сөз – «та-нысқаным» қуаныштымын».



Хюсна
Гиргин:

Жастарға
сергектік
жарасады

Маған өзім таңдаған журналистика саласы қатты ұнайды. Сондықтан Қазақстанда тағылымдамадан өтуге қуана келістім. Біз «Almaty aqshamy» газетінің қатталу процесімен, яғни материалдарды бетке орналастыру жұмысымен, дизайнымен таныстық. Өрине, бізден өзгешеліктер бар. Газет мақалаларын оқылымды, тартымды ету үшін оларды орналастыру әдісі де үлкен рөл атқарады. «Almaty aqshamy» газетінің версткасы маған ұнады. Жұмыс процесі қызық екен. Сайт жұмысы да өзгеше бір әлем. Онда уақыт ағымынан қалып қоймай, оқырманға ең керекті ақпаратты жедел салып отыру керек. Осы орайда біз секілді жастарға ұшқыр болу, сергектік маңызды.

Алматы маған да ұнады. Мұнда ағаштар көп, саясына демалу жанға рахат сыйлайды. Бүгінгідей қозғалыс, көліктер тым көп жағдайда адамдардың бағдарламға бағынуы өте дұрыс. Көшелер, жаяу жүргінші жолдары өте әдемі, кең. Жерасты өткелдері де тап-таза. Балаларға арналған ойын, спорт алаңдарының көптігі қызықтырды. Бәрі тормен қоршалған. Балақайлар алаңсыз ойнап жүр.

Маған Жібек жолы көшесі өте ұнайды. Әдемі безендірілген. Мұнда барлық керегінді табуға болатын түрлі дүкендер бар. Панфиловшылар саябағы да әдемі, сүйкімді тиіндер өте көп, адамдардан қорықпайды. Біздің мейірімді екенімізді олар да біледі.

Егер маған Қазақстан туралы зерттеу мақаласын жазу тапсырылса, барлық жерін аралап, саяхаттап, туристерге қолайлы орындары, әдемі жерлері туралы жазған болар едім.

Айпақшы, мен қазақтың тағамдарына үйрене алмай жүрмін. Жөргегімнен жеп өскен өз елімнің тағамдарын аңсаймын.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Пелин
Аргун:

Алматы
таулары
әдемі

Біздің Анадолы лицейінде математика, түрік физикасы негізгі пәндер ретінде оқытылады. Оқу ордамыз орта мектеп және кәсіптік-техникалық лицей болғандықтан, журналистика курсы бойынша да дәріс аламыз.

Маған сіздің газетте тағылымдамадан өту мүмкіндігі туғанына қуаныштымын. Бұл екі ел арасындағы достық қарым-қатынастың жемісі деп білемін. Біз түбі бір түркі жұртымыз, достығымыздың нығая беруіне жастар да тілекшіміз.

Қазақ мәдениеті мен біздің мәдениетімізде біршама ұқсастықтар болғанымен, айырмашылықтар да аз емес. Мысалы, сіздер жылқы етін жейсіздер, ал біз мүлдем жемейміз, дүкен сөрелерінде сатылмайды да. Бізде де сіздердегідей асқа пісіріледі. Бірақ бізге қарағанда сіздерде түрлі болып келеді екен.

Алматы жастары мен біздің елдің жастарының киіну стилінен де аса айырмашылық байқамадым. Қазіргі жастар аса талғампаз.

Алматы шынымен де әсем қала. Ең ұнайтын жағы – тыныш, жағымды, жайлы шаһар. Гимараттары, жолдарының орналасуына дейін бәрі өз орнында. Қала табиғаты көркем. Жасыл желектері жаныңа тыныштық сыйлайды, биік таулары алыс та жақын көрінеді, ұшар басы түп-тұнық, айнала тап-таза әлем дерсіз. Жаныма таулардың жақын екенін сезіндім. Мен мұнда келгенге дейін ештеңе білмедім. Алматының осыншалықты әдемілігіне қатты таңқалдым. Мұнда қыдыратын жер өте көп, әлі барып үлгермей жатырмыз.

Менің байқағаным, қазақстандық журналистер түрік журналистеріне қарағанда пікірлерін анық және оңай жеткізеді. Сіздің газетте адамдарға мотивация беретін жағымды жаңалықтар жиі жарияланады екен. Егер мүмкіндік туып жатса, болашақта мен қазақ журналистикасының шығу тарихын зерттейтін шығармын. Себебі, мен оның қалай пайда болғанын немесе даму сатыларын жетік білгім келеді.

Жуырда біз Алматыда өткен үлкен бір салтанатты іс-шараға қатыстық. Онда түрік, қазақ, орыстар болды. Біз бір-біріміздің тілімізді

жақсы түсінбесек те, көңілімізбен ұғыстық. Көп дос таптым. Маған барлық адам мейірімді көрінді.

Түркияға кетерде осы сапарымнан жақсы естелік болатын бір кәдісейі алып кетемін. Әзірге қандай зат болатынын шешкем жоқ. Алматы менің жүрегімде қалары сөзсіз.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА,
журналист.





ПАРЫЗ

МЕККЕДЕ МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ҚАЗА ТАПТЫ

Әңгімеміздің әлқиссасын «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» өлеңдеткен ұлы Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп бастағанымыз мақұл болар. Айтпағымыз, өткен жумада ислам әлемін ғана емес, дүниені дүр сілкінткен қажылық сапардағы қайғылы жағдайдың жайы. Соған аз-кем тоқтала кетелік.

Айнабай
МӘДИ

Дүниені дүр сілкінткен оқиға

Аптаның аяғында Сауд Арабиясы қажылық парызын өтеуге барған мыңнан астам адамның қайтыс болғанын хабарлады. Бұл мәліметті Қажылық істер жөніндегі министрлік (!) емес, елдің Денсаулық сақтау министрі Фахд Абдуррахман әл-Жаласел «Әл-Ихбарийе» арнасына берген сұхбатында айтты. Министр қасиетті жерлерде қажылық парызын өтеуге келген адамдардың денсаулық жағдайы жайында ақпарат берді.

Қажылық жасау – мұсылманның бес парызының бірі. Шарифат бойынша кәмелетке толған, ақыл-есі дұрыс, денсаулығы жақсы, дәулеті жетерлік, өзгеге қарызы жоқ мұсылман ғана парызын өтей алады. Осы шарт сақталып жүр ме? Пендеге ең қымбаты – шыбын жаны. Жайшылықта «пайғамбардың отанында өліп кетсем, арманым жоқ» дейтін діни фанаттардың өзі оп-оңай өлгісі жоқ. Өлбетте, қажылық сапары барысында қайғылы жағдайдың орын алуы – мұсылмандық шарт пен міндеттің сақталмауынан туындауда.

Мұндайда басы ашық ақиқат, қажылық сапарында оқыс жағдайда тап болу (қаза болу) – бұл бірінші және соңғы оқиға еместігі. Жүздеген емес, мыңдаған адамның сап түзеп, мұсылмандық парызын өтеуі жолында нендей қиындық туындап, бастан өтпейді десейші. Бұл ретте әр адамның Жаратқанға деген сенімі – өз алдына, әр пенде өз денсаулығына мұқият қарау қажет, созылмалы сырқаты болса-дағы сапарға сакадай сай дайындықта болуы тиіс. Мұндайға көзсіз қадам емес, сөзсіз әзірлік керек.

Маған оқыс оқиғаға көбіне-көп діни фанаттар тап болып жататындай көрінеді. Иә, солайы солай. Атам айтқан: «мың күндік жұмактан, бір күндік тірлігім артықтан». Асырып айта алмаспыз, сірә. Мұсылманның парызы қасиетті Құранда: «Алла үшін Қағбаны адамдарға қажылық ету парыз» («Әли-Имран» сүресі, 97 аят), – деп ұқтырылса, хадис шарифте: «Ислам бес негізге құрылған: Алла Тағаладан басқа тәңір жоқ және Мұхаммед оның елшісі деп куәлік ету. Намаз оқу. Зекет беру. Рамазан айында толық ораза ұстау. Байтуллаға қажылыққа бару», – делінген.

Министр Жаласел Сауд Арабиясына қажылық парызын өтеу үшін барған 1 миллион 300 мыңнан астам адамға медициналық қызмет көрсетілгенін жеткізіп, қайтыс болғандардың тума-туыс, жақын-жуығына көңіл айтты. Биыл елде өте ыстық ауа райының байқалғанын білдірген министр қажылық парызын өтеуге киеді жерлерге барған көптеген адамның осыдан зардап шеккенін айтты берді.



Несие алып баратындар да жоқ емес

Шарифат кітабында: «Бас бостандығы бар, қалайғат жасына жеткен, ақыл-есі дұрыс, дені-басы сау адамға қажылыққа бару парыз деліне келе, қажыға баратын жол қауіп-қатерсіз, оған азық-түлігі, көлігі немесе көлік жалдауға қаражаты болуы керек екендігі және үлкен сапарға аттанған кісінің үйінде қалған отбасы тарығып қалмайтындай нәпақамен қамтамасыз етілуі де шарт», – деп көрсетілген.

Шыны керек, қажылыққа несие алып баратындары да жоққа шығармаймыз. Сонда, қалай? Кіші қажылыққа балалары ата-анасына туроператордан жолдама алып беруі үрдіске айналған. Ал үлкен қажылықтың жөні бөлек. Атышулы оқиғаның басым бөлігі осы қажылық миссиясы кезінде кезігуде. «Шымшық сойса да, қапшы сойсын» деген қазақта тәміл бар. Осы ыңғайда сөз жүйесін мамандар саптасын.

Сауд Арабиясы министрі қайтыс болғандар санының бастапқыда 500-дей, кейін 1300-ден асқанын айтып, олардың 83 пайызының қажылық парызын орындау үшін рұқсаты жоқ екенін айтты. Ол кей азаматтардың емінің жалғасып жатқанын білдірді. Мемлекеттік Al Ekhbariya телеарнасына сұхбат берген министр 95 қажы ауруханаларда емделіп жатқанын, олардың кейбіреулері ел астанасы Эр-Риядқа ұшақпен жеткізілгенін айтты. Қаза болғандардың басым бөлігі Мысырдан делінді.

Сауд Арабиясында қажылық кезінде 1,3 мыңнан астам қажы қайтыс болды, деп хабарлады ТАСС агенттігі. Корольдіктің денсаулық сақтау министрінің мәліметінше, қажылық кезінде қайтыс болғандардың сексен пайыздан астамының тиісті визасы болмаған. Министр қайтыс болған қажының көбінің жеке басын куәландыратын құжаты болмағандықтан, олардың кім екенін анықтау жұмысы кешіктіріліп жатқанын мәлімдеді.

Қажылық миссиясы кезінде Меккеде ауа температурасы 50 градустан жоғарылаған. Өл-

Муайсем ауданындағы мәйітхана 550 адамның қайтыс болғанын растады. Қаза болғандардың 323-і – мысырлық болса, 60-ы – иорданиялық. Ал 2 мыңнан астам адам медициналық көмекке жүгінген. 17 маусымда Меккедегі Харам мешітінде ауа температурасы 51,8 градусқа жеткен. Сауд Арабиясының зерттеуіне сәйкес, аймақтағы температура әр онжылдықта 0,4 градусқа көтеріледі.

120 отандасымыз дәрігерлік тексеруден өткен

«Қажылықта қазақстандықтар зардап шеккен жоқ». Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы осылай деп мәлімдеді. Қажылық миссиядағы дәрігерлер тобының жетекшісі Ардақ Айтбайұлының айтуынша, 14–16 маусым аралығында медициналық орталық көмегіне аптап ыстық күндері 703 қажы жүгінген. Олардың қатарында жүрек-қан тамырлары, жоғары және төмен қан қысымымен, тыныс және асқазан-ішек сырқатымен ауруатандар бар. Сондай-ақ, басқа да (мазоль жаракаты, аллергия, конъюнктивит, т.б.) сырқатпен 120 қажы бірнеше рет тексерілген.

Еске сала кетейік, осыдан 9 жыл бұрын, 2015 жылы қажылық миссия кезінде бес қазақстандық қайтыс болғанын білеміз. Ол кезде қайтыс болған отандастарымыздың жасы 80-ге тақаған, 80-нен асқан адамдар еді. Барлығы жүрек талмасынан, қан қысымынан көз жұмған-тын. Сол кезде Сауд Арабияның Мина алабында мұсылмандардың қажылық рәсімі кезінде болған кептеліс салдарынан 700-ден астам адам қаза тауып, жүздеген адам жарақат алған болатын. Құдайға шүкір, бұл жолы отандастарымыз сау-саламат, ил-лаһи дін жолындағы парыздарын өтеуде.

«15 маусымда Мұздалифада қан қысымы көтерілген қажыға жедел бастапқы медициналық көмек көрсетіліп, дәрігердің бақылауымен қонақүйге жөнелтілді. 16 маусымда Мина жазығында транзиторлық ишемиялық ұстамасы бар бір қажыға бастапқы медициналық жәрдем жасалып, стационарға жатқызылды. Жапаратта шайтанға тас лақтыру кезінде қанты төмендеп кеткен әйел адамға тез арада дәрігерлік көмек көрсетіліп, ол да стационарға жатқызылды. Аллаға шүкір, науқастарғандар дәрігерлік бақылауда, жағдайлары бірқалыпты. Біз үшін әр қажының денсаулығы маңызды. Қазіргі таңда аталған науқастар толық бақылауда, жағдайлары бірқалыпты. Одан бөлек, елімізден әкелінген дәрі-дәрмек қоры да жеткілікті. Күндіз-түні тұрақты ем-шара жұмыстарымен айналысуда», – дейді жетекші дәрігер А.Айтбайұлы.

«Қажылық миссия құрамында 4 дәрігер, сондай-ақ 16 туроператордың әрқайсысында 1 дәрігерден бар. Барлығы 20 медицина маманы ем-шаралық жұмыстарымен айналысуда», – деп хабарлады ҚМДБ баспасөз қызметі.

Қалай десек те, Сауд Арабиясы қажылық парызын өтеуге барған мұсылмандардың қауіпсіздігін бірінші орынға қоюы тиіс. Қажылықты бизнес көзіне айналдыруға болмайды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асылбек ИЗБАЙЫРОВ,
Нұр-Мүбәрак университетінің
профессоры, дінтанушы:

Мұсылмандық міндет сақталуы керек

Үлкен қажылық сапары кезіндегі кісі өлімі – бұл бір емес, талай мәрте орын алған оқиға. Бар ғәп, қажылық сапардағы мұсылмандық міндет пен шарттың сақталмауынан туындап отырған жағдай. Статистикаға көз жүгірсек, төрткүл дүниеде ислам дінін қабылдаушылар қатары жылдан-жылға арта түскен. Мұның көзі иллаһи дінге деген көзқарастың артқанын білдіреді. Демографияға ден қойсақ, әлемде мұсылмандар саны артқан. Демек, қажылыққа сапар шегу үдемесе, кемімейді. Мұндайда мұсылмандық міндеттің сақталып, шарттың орындалуына мән беру керек. Қажылық сапардың сәтті болуы осыған тікелей байланысты.

Мәселен, Батыс Еуропа елдерінде, соның ішінде Францияда бір кездері отар елдеріне айналған солтүстік Африкадағы араб елдері – Алжир, Марокко, Тунистен келгендер мигранттар отбасында жеті-сегіз перзенттен бар. Ал француз отбасында бір-екіден аспайды. Енді бір елу жылы жетер-жетпес уақытта француздардың жағдайын көзге елестете беріңіз. Ислам дінін ұстанатындар саны осылайша өркен жая беретіні сөзсіз. Бұл бір ғана мысал.

Қажылық сөздікте – «қасиетті жерге баруды ниет ету» дегенді білдірсе, шарифатта арнайы уақытта, яки қасиетті рамазан айынан кейінгі айдан бастап зұлхижа айының 10–12 күндеріне дейін арнайы мекенде, яки Сауд Арабиясының Мекке қаласында табылып, арнайы бекітілген ихрамға кіру, Қағбаны жеті айналып тәу ету, Сафа мен Маруа арасында сәғий жасау, Арафада тұру, Мұздалифада түнеу, шайтанға тас ату сияқты амалдарды орындау деп түсінген ләзім. Демек, қажылыққа сапар шегу үдемесе, кемімейді.


Сауд Арабиясында қажылық кезінде қаза тапқандар, негізінен егде жастағылар. Арасында балалар да бар. Оқыс оқиға шайтанға тас лақтыру шағында орын алған. Ығы-жығы, мыңдаған адам (миллионнан астам) сәл кідірістің өзінде таптап өтері анық. Оның үстіне, асығыста қалып кеткен табынушылардың заттарының өзі сүрініп-қабынуға сеп болатын жағдай жиі кездеседі. Өзім де қажылыққа барған шақта мұндай оқиғаға талай куә болдым.

Жанна АЙДАРҚҰЛҚЫЗЫ,
дінтанушы, Пекин (ҚХР) Орталық
ұлттар университетінің
PhD докторанты:

Әр адам денсаулығына мән беруі тиіс

Египет – Саудияға жақын ел. Климаты да ұқсас. Бұл елден келетіндердің біразы қонақүйде түнемей, ашық аспан астындағы шатырда түстенсе, түнде қона кететіні де болады. Оның үстіне, қаза болғандардың басым бөлігі егде жастағылар, созылмалы сырқаты барлар делінген жарияланған ақпаратта. Мұны да ескеру керек. Ауыр қайғыға душар болудың себеп-салдарына осы жағдай да әсер етуі мүмкін.

Бұл елдің Сауд Арабиясымен визалық тәртіптен тыс келу мүмкіндігін де зерделеу керек. Дінтану ғылымының ауқымы зор. Бұл ғылым Адамзатқа ортақ жаратылыс, гуманитарлық ғылымдарымен, яки табиғат заңының шарифат заңымен «тонның ішкі бауындай» өзара байланысты. Жалпы, қажылыққа сапар шегуге көзсіз тәуекелден, яки діни сенімімен гөрі, әр мұсылман өз хал-жағдайына, денсаулығына сеніп барғаны абзал.





ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Осы уақытқа дейін қаншама қыз-келіншек отбасы ошақ қасында зорлық-зомбылықтың құрбаны болып жатса да, оған тоқтау болар шараның болмағаны анық еді. Көбіне мұндай жағдайда нәзік жандылардың өзін кінәлап, «ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды» деген көне көзқарасқа саятын. Тіпті, адам өлімі орын алған жағдайды да оны жұмсартуға тырысқандар болды. Бәлкім, бұл өзекті мәселе әлі де жалғасып, шиеленісе түсер ме еді, кім білсін?! Ел Президенті тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы заңға 15 сәуір күні қол қойып, ол 60 күннен кейін қолданысқа енді. Яғни 2024 жылғы 16 маусымынан бастап мемлекет басшысы 2024 жылғы 15 сәуірде қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң күшіне енді.

Күш қолданғандар
заңмен жазаланады

Сонымен, елімізде зорлық-зомбылыққа қарсы заң 15 маусымнан бастап күшіне енді. Енді отбасының берекесін алып, жұбайы мен бала-шағасына қол көтеретін «батырлардың» жазасы қатаңдатылатын болды. Ел ішінде ең көп талқыланған заңдағы басты бап та осы болып отыр. Өйткені, талай отбасы қасірет шегіп, талай шаңырақ шайқалып жатыр. Сондықтан ендігі жерде әйел-баланы ұлардай шулатып, қол көтеріп, күш қолданғандар жауапқа тартылып, заңмен жазаланатын болады.

Бұрын отбасында қалыпты жағдайға айналып келген ұрып-соғу енді Заңмен жазаланып, әкімшілік іс саналатын отбасындағы ұрып-соғу жағдайлары енді Қылмыстық кодекспен қаралатын болды. Бұл үшін іс қозғауға жәбірленуші арыз жазбай-ақ, полиция қызметкерлері фото-видео айғақтар мен көрші, туыстарының сөзіне сүйеніп, тергеу жүргізе береді. Бұл да әділ шешім. Өйткені, кейде қорқытып арыз жаздырмауы да мүмкін ғой. Сонымен қатар, енді тараптарға екінші рет татуласуға мүмкіндік берілмейтін болды. Бұл да ой салатын, салмақты шешім.

Бұрын денсаулыққа жеңіл зардап келтіргендер 55 мың теңге айыппұл төлеп, кейде 15 тәулікке қамалса, енді 738 мың теңге айыппұл төлейтін болды. Қалтасы көтермесе, 50 тәулікке қамалады. Заңға сәйкес, жеңіл дене жарақатын алған жағдай үшін де жаза қатаңдатылды. Айыппұл мөлшері 36 мың теңгеден 295 мың теңгеге өсті. Ал қамауға алу мерзімі 10 тәуліктен 25 тәулікке ұзарды. Жәбірленушіні ұдайы ұрып-соғып, психологиялық қысым көрсеткендерге 369 мың теңге айыппұл немесе 2 жылға бас бостандығынан айыру не бас бостандығын шектеу жазасы қолданылады.

Бұл норма бұған дейін де болған. Дегенмен, аса қатыгездік танытқан жағдайлар қосымша дәлелденсе, 4 жылдан 7 жылға дейін сотталады. Егер жәбірленуші 21 күн ауруханада жатса, орташа ауыр жазаға тартылады. Яғни бұрын 369 мың теңге айыппұл төлеп немесе 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе шектеу жазасы қолданылса, енді мұндай жағдайда 2 жылға дейін сотталады. Отбасындағы балаларды да дәл осылай қорласа, 3 жылға қамалады. Отбасындағы зорлықтан кемтар болып қалғандардың да бар екені жасырын емес. Ал зорлық-зомбылық көрген адам сөйлеу, көру, есту қабілетінен айырылса немесе еңбекке жарамсыз деп танылса, онда бұл іс денсаулыққа ауыр зиян келтіру бабына жатады. Мұндай жағдайда қылмыскер 3 жылдан 8 жылға дейін сотталады. Оның бас бостандығын шектеу үшін басқа жаза қарастырылмайтын болды. Әйеліне немесе балаға жеңіл, орташа не ауыр зиян келгенін сот-медициналық сараптама анықтайды. Бұдан бөлек, заң жобасында жанжал шығарған адамды тәртіпке салу тетіктері қарастырылған. Ол бір айға отбасынан оқшауланып, кейде тіпті жағдай ушығып жатса 3 айдан 1 жылға дейін әйелі мен бала-шағасын көруге тыйым салынады. Аталмыш заң нормаларының бір бөлігі 15 маусымнан, ал қалғаны келесі жылдан бастап күшіне енетін болды.

ТЕНТЕКТІ ТИЯР КЕЗ КЕЛДІ Жұбайына жұдырық жұмсағандар енді абақтыға қамалады

Зорлық-зомбылыққа қатысты 34 мың өтінім түскен

Тиісті сала өкілдерінің айтуынша, биыл тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты 34 мың өтінім түскен көрінеді. Мәселен, былтыр 5 айдың ішінде отбасындағы жанжалды 43 мың адам тәртіп сақшыларына хабарлаған. Жаңа заң отбасында жанжал шығарып, жұбайына жұдырық ала жүгіретіндерге тұсау қоюға бағытталғаны белгілі. Сонымен қатар, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені үшін Әкімшілік кодекстегі 2 бап алынып, Қылмыстық кодекске енгізіліп отыр. Бұл ретте ендігі жерде оның жазасы күшейтілетін болады.

Заң аясында 50 тәулікке дейін қамауға алу жазасы қарастырылып, 200 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынатын болады. Бұл мөлшер шамамен 800 мың теңгеге жуықтайды. Сонымен қатар, сотқа ерекше талаптар аясында агрессорды үйінен уақытша қуу құқығы беріліп, оны психологиялық көмек алуға мәжбүрлеуіне болады. Жалпы, мұндай жағдайда жәбірленушінің арыз беруі міндетті емес. Куәгердің көргені, түсірілген сурет пен видео болса жеткілікті.

Қоғамда адамды мәжбүрлі түрде өлімге итермелеген жағдайлар да жиі кездесетін болды. Әсіресе, отбасындағы қиындыққа шыдамай өзіне қол салған әйелдер қаншама. Тіпті, баласын өлтіріп, сосын өзін өлтірген жағдай да кездесті. Осыдан біраз жыл бұрын «Жетісу» ықшамауданында биік қабаттан алдымен балаларын, сосын өзі секіріп мерт болған жас ананың аянышты тағдыры естеріңізде болар. Оны осындай жағдайға итермелеген кім? Кінәлі адам жазасын тартты ма? Дәл осындай оқиға сол ықшамауданда қайталанды. Тағы да әйел мен оның екі баласы өлім құшты. Бұл не деген заңсыздық?

Отбасы сақтап қалу маңызды

Міне, ендігі жерде адамды өлімге итермелеген кісі де заңнан тыс қалмайтын болды. Қатаңдатылған заң бойынша кісіні суицидке итермелеген адам 5 жылдан 9 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Ал балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық көрсеткендер және өлтіргендер өмір бойына темір торға қамалады. Бұл – өте әділ шешім. Өйткені, қаншама жас өскін көз алдымызда көз мезгілсіз ажал құшып жатыр. Сонымен қатар, балаларды ұрып-соққан тараптардың татуласуы да алынып тасталды. Бұрын мұндай іске кешірім жасалып,



Сурет ашық дереккөзден алынды.

30 пайызы жабылып келген еді. Бізде жиі кездесетін жағдай көбіне мектептегі бұзақылықты жабуға тырысып, оның ақыры өкінішпен аяқталып жатады. Ендігі жерде мұндай жағдайды көрген мұғалім құқық қорғау органдарына хабарлауға міндетті. Бір анығы – аталмыш заң тек жазалауды көздемейді. Ол отбасын сақтап қалуға басымдық беретінін де ұмытпауымыз керек.

Қазір еліміздің барлық өңірлерінде отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алуға байланысты зардап шеккен азаматтарды заңды, психологиялық, моральдық, әлеуметтік жағынан қолдау үшін отбасылық орталықтар ашылып, дағдарыс орталықтары жұмыс істеп жатыр. Мәселен, тап осы заң аясында Ішкі істер министрлігіне қарасты тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы арнайы құрылым жасақталып жатыр. Бұған қоса, өмірлік қиын жағдайға тап болған кез келген адамның «111» нөміріне хабарласуына болады. Шұғыл нөмір қатарына енгізілгендіктен, мобильді байланыс жоқ жерде де қоңырау шалып, көмек алуға мүмкіндік бар.

Шет елде қалай?

Жалпы, әйел құқығы, бала қауіпсіздігі мен отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі әлемде 2017 жылдан бері көтеріліп келеді. Заңды Біріккен Араб Әмірліктері, Мысыр, Конго, Морокко және Моңғолия елдері қабылдады. Ал Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заңды қатаңдатуы Жолдау сайын айтылып келді. Нәтижесінде барша адамның құқығын қорғайтын құжат қабылданып отыр.

Заң әйелдер мен балаларға, оның ішінде отбасындағы зорлық-зомбылық үшін жазаны қатайтып, оларды зорлық-зомбылықтан қорғауға бағытталған. Талқылау мен қабылдаудың барлық кезеңдерінде бұл құжат қоғамда үлкен резонанс тудырды. Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) 15 сәуірде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғайтын заң қабылдағаны үшін Қазақстанға өз ризашылығын білдірді.

БҰҰ-ның Қазақстандағы тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори жаңа заң «гендерлік зорлық-зомбылықтың барлық түрін құрту жолындағы маңызды қадамды білдіреді. Бұл заңнамалық шешім Қазақстанның адам құқықтарын сақтауға, әсіресе әйелдерді, балаларды және халықтың осал топтарын тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғауға бейілділігін көрсетеді», – деп атап өтті. Оның пікірінше, мұндай заңның қабылдануы қоғамда кең ауқымды науқан болған, бұрынғы жоғары лауазымды шенеуніктің жұбайын өлтіру оқиғасы да әсер еткен. БҰҰ-ның тұрақты үйлестірушісі тұрмыстық

зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізе отырып, Қазақстан мұндай әрекетке жол бермейтінін, ал кінәлілер заң бойынша жауапқа тартылатынын меңзейді.

«Бұл маңызды қадам гендерлік теңдікке ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамдардың қалыпты өмірге қайта оралуы үшін сот төрелігі мен қолдау қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз етеді», – деп ол сенім білдірді.

Әйел мен бала құқығы қорғалады

Жаңа заң әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген көріністері үшін жауапкершілікті күшейтетін нормаларды енгізді, сондай-ақ ол отбасы институтын және кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін нығайтуға арналған.

Жаңа заң неке-отбасы заңнамасы негіздерін дәстүрлі отбасылық құндылықтарды және басқаларды нығайту және насихаттау сияқты жаңа принциптермен кеңейтілген. Сондай-ақ, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың неке институтын нығайту жөніндегі құзыретін кеңейту және отбасылық, әлеуметтік-экономикалық қолдау, қиын өмірлік жағдайға тап болған тұлғаларға (отбасына) жан-жақты қолдау көрсетуі анықтау және ұйымдастыру көзден, қылмыстық кодекс 3-бап кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылыққа қандай қылмыстар жататынын анықтайтын тармақпен толықтырылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдер құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қоя отырып, құқық қорғау және сот органдарының қызметкерлерін оқытуды, сондай-ақ зорлық-зомбылыққа ұшараған адамдарды қолдау тетіктерін құруды, жалпы осы заңды тиімді енгізу және қолдану бойынша жұмсалатын күш-жігерді жалғастыруға шақырып отыр.

Жаңа заң барлық адамның өз үйінде еш үрей-қорқы-нышсыз, зорлық-зомбылықсыз өмір сүруі үшін қызмет етуі керек.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР



ЖАҒАНЫҢ АТЫ – ЖАҒА

«НҰРКЕНТ»

тұрғындарына жеке клиникада
тегін медициналық көмек
көрсетіледі



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев «Нұркент» ықшамауданындағы бір ауысымда 400 адам қабылдайтын жаңа жеке клиникада болды. Медициналық орталық мамырда ашылған.

Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында тіркелген халық үшін ақысыз медициналық қызметтер көрсетіледі. Бұл – жедел жәрдем, шұғыл стационарлық және амбулаториялық көмек, онкологиялық көмек, туберкулез кезіндегі паллиативтік көмек, мамандардың кеңесі, оңалту, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету. Бүгінде жаңа медициналық орталыққа ауданның 23,2 мың тұрғыны тіркелген.

«Халыққа ыңғайлы болу үшін жаңа технологияларды енгізіп, медициналық қызметтің сапасын арттыру маңызды. Біз әрқашан осындай маңызды әлеуметтік нысандарды іске асыруға атсалысатын меценаттарды қолдаймыз», – деді шаһар басшысы.

Клиниканың ашылуы аудан тұрғындарын медициналық қызметпен қамтып, қала емханаларының жүктемесін азайтады.

ЖЕКЕ КЛИНИКА

Алматыда соңғы үлгідегі медициналық құрылғылармен жабдықталған заманауи «Star Dent» тіс емханасы ашылды. Абай даңғылы бойындағы №150/230 9-блоктың 1-қабатына орналасқан жаңа тіс емханасының ашылғанына «Гауһартас» тұрғын үй кешенінің тұрғындары дән риза. Өйткені, жаңа емханада тіс емдеудің барлық түрі қамтылған. Ең алдымен, мұндағы медициналық құрылғыларды әлемдегі ең үздік компания шығарған.



ТІС ЕМХАНАСЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



Рая
ЕСКЕНДІР



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Сонымен, жаңа тіс емханасы несімен ерекшеленеді? Мұндағы әрбір бөлмеде емделушілерге жан-жақты жағдай жасалған. Мәселен, барлық емдеу бөлмелері компьютерлермен қамтылып, дәрігерлерге барлық қажетті ақпараттарды осы жерден-ақ алуларына болады. Емхана басшысы Талғат Ақылбайұлы жас та болса, білікті маман. Осы салада бірнеше жылдық бай тәжірибесі бар. Ол – Мәскеу мемлекеттік медицина университетінің түлегі. Біліктілігін шетелде шыңдаған маман. Жаңадан ашылып отырған тіс емханасының дәрігерлері де жоғары білікті. Олар енді шетелден алған білімдерін өз елдерінің дамуы үшін қолданып жатыр.

Мұнда рентгеннің де түрлері бар. Емделушілердің осында рентгенге түсуіне де болады. Соңғы үлгідегі жапондық «Морита» деп аталатын рентген бар. Бұл құрылғымен панорамалық рентген түсіруге де болады. Сондай-ақ, жаңа үлгідегі импланттың түрлері, брекет, жалпы, емдеу түрінің барлығына жаңа технологиялар қолданылады.

– Біздің емханада дәрігер гнатолог, ортопед-хирург, ортодонт, терапевт бар. Емделушілердің уақыты текке кетпес үшін алдын ала жазылады. Сонымен қатар, 20 адамды жұмыспен қамтығалы отырмыз. Біздің жұмыс уақытымыз таңғы 9.00-де басталып, түнгі 23.00-ге дейін істейміз. Зейнеткерлерге 15% жеңілдік көрсетіледі. Ал 18 жасқа дейінгі балалар мен аяғы ауыр әйелдерге тегін қызмет көрсетіледі, – дейді емхана меңгерушісі Талғат Бақытжанов.

МӘМС

«БІЗ БАҒЫТЫМЫЗДЫ ӨЗГЕРТЕМІЗ»

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының
алдағы жоспары қандай?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басқарма төрағасы Әбілқайыр Сқақов Алматы қаласының медицина қағамдастығымен кездесті. Ол денсаулық сақтау ардагерлерімен және сарапшыларымен жүйені дамыту тетіктерін талқылап, қаладағы медициналық ұйымдардың жұмысымен танысты.

Басқарма төрағасы кездесу барысында Қорды дамытудың 2024-2025 жылдарға арналған перспективалық жоспарын таныстырды. Онда МӘМС тұрақтылығын қамтамасыз ету, халықты жүйеге тартуды күшейту, медициналық қызметтер мониторингін сапасын арттыру, цифрландыру, азаматтардың хабардар болуын және Қордың ашықтық дәрежесін көтеру, сондай-ақ институционалдық бастамалар бойынша жүйелі іс-шаралар ұсынылды. Ал өз кезегінде сала сарапшылары дәрігерлердің жүктемесін ескеріп, медицина қызметкерлерін компьютерлік жұмыстан босату бойынша, жеке медициналық орталықтар бас тартатын ауыр науқастарды қабылдауға мәжбүр болған мемлекеттік ауруханаларды қолдауға, жеткізушілер арасында қаражат бөлу тәсілдерін қарастыруға қатысты өз ұсыныстарын айтты.

Ізінше қаланың медициналық ұйымдарының басшыларымен кездесу өтті. Онда уақытылы қаржыландыру және бірлесіп орындаушылармен қарым-қатынас жайы талқыланды. Сондай-ақ, Қор басшысы медициналық көмек жеткізушілеріне Қорда ағымдағы жылдың наурыз айынан бастап ауқымды деректерді жедел талдау және басқарушылық шешімдерді тиімді қабылдау үшін құрылған Ситуациялық-талдамалық орталығының жұмысын көрсетті. Оған 18 дерекқордың 500-ге жуық көрсеткіші 1000-нан астам дашбордта – жеткізушілер мен жасалған шарттар, көрсетілген қызметтер көлемі, мониторинг қорытындылары мен шағымдар саны, тіркелген халық және МӘМС жүйесімен қамту деңгейі туралы және т.б. кірді. Сонымен қатар, кездесуге қатысушылар консультативтік-диагностикалық қызметтерді алу кезінде пациенттің бағытын



талқылады. Талдау көрсеткендей олардың көпшілігі бірлесіп орындайды, ал медициналық ұйым өзінің тіркелген халқын жергілікті медициналық қызметтермен қамтамасыз етуге тырысуы керек. Кездесулер барысында Әбілқайыр Сқаков денсаулық сақтау жүйесінің барлық қатысушысы арасындағы сындарлы және тығыз диалогтың маңыздылығын атап өтті.

«Біз бағытымызды өзгертеміз. Айыптаудан аулақ болып, денсаулық сақтау жүйесіндегі процестерді жетілдіруге мүдделі серіктестер ретінде ынтымақтастықты ұсынамыз», – деді ол.

Іс-шара барысында Қор басшысы №5 қалалық клиникалық ауруханаға бас сұғып, медициналық ұйымдар ішіндегі менеджмент мәселелеріне, пациенттерді қолдау қызметтерінің жұмысына және жалпы пациенттермен кері байланысқа ерекше назар аударды. Сонымен қатар, Әбілқайыр Сқаков Қордың орталық аппаратының қызметкерлеріне жергілікті жерлердегі жағдаймен танысу үшін «Достар Мед» көпсалалы медициналық орталығына баруды тапсырды. Бүгінде Алматыда Қормен 215 медициналық ұйым жұмыс істейді, оның 124-і жекеменшік.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

№4 қалалық клиникалық аурухананың комбустиологтары денесінің 70 пайызын күйік шалған науқасты емдеуді аяқтағанын хабарлады. 34 жастағы ер адам ауруханадан үйге шығарылды.

Ауруханадағы 60 КҮН

Денесінің 70 пайызын күйік шалған
науқас аман-есен үйіне шықты

Жазатайым оқиға сәуірдің 20-да таңертең болған. Шұхрат-тың жұмыс орнында дизель отынының бағы жарылып, нәтижесінде ол жалыннан күйік алған. Оқиғадан кейін ер адам бірден жақын маңдағы Ұйғар ауданындағы ауруханаға жатқызылды. Жағдайы тұрақтанғаннан кейін науқас «жедел жәрдеммен» Алматының №4 қалалық клиникалық ауруханасына жеткізіледі.

«Реанимация бөлімінде терапевт, нейрохирург, хирург, реаниматолог, травматолог мамандарымен көпбейінді тексеру жүргіздік. Термиялық зақымдану аймағының тереңдігі мен кеңдігі, ауырсыну синдромының 8 балл болуы, күйік ауруы салдарынан науқастың жалпы жағдайы ауыр деп бағаланды. Оған денеге 70–79% термиялық күйік, күйік токсемиясы сатысындағы күйік ауруы, жоғарғы тыныс жолдарының күйігі диагнозы қойылды. Науқас жансақтау бөліміне жатқызылды, ол келесі 9 күнді сонда өткізді», – дейді №4 қалалық клиникалық ауруханасының күйік аурулары бөлімшесінің меңгерушісі Елдос Әлменов.

Емдеу күн сайын дерлік аурухананың реаниматолог, терапевт, кардиолог, клиникалық фармаколог және эндокринолог бар дәрігерлер тобының қатысуымен түзетілді. Хирург дәрігерлер науқасқа тері трансплантациясы бойынша екі ота жасады.

«Аутодермотрансплантат толық орнықты. Донорлық аймақта қабыну белгілері жоқ. Науқас қазірдің өзінде өзі жүреді және одан әрі амбулаторлық ем алу үшін қанағаттанарлық жағдайда үйге шығарылып жатыр», – деп атап өтті бөлім меңгерушісі Елдос Әлменов.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА

ФУТБОЛ

КӘРІ ҚҰРЛЫҚТЫҢ ҮЗДІГІ КІМ БОЛМАҚ?

ЕУРОПА ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ТОПТЫҚ КЕЗЕҢІ:

«А» тобы	ойын	жеңіс	тең	жеңіліс	ұпай
Германия	3	2	1	0	7
Швейцария	3	1	2	0	5
Мажарстан	3	1	0	2	3
Шотландия	3	0	1	2	1
«В» тобы	ойын	жеңіс	тең	жеңіліс	ұпай
Испания	2	2	0	0	6
Италия	2	1	0	1	3
Албания	2	0	1	1	1
Хорватия	2	0	1	1	1
«С» тобы	ойын	жеңіс	тең	жеңіліс	ұпай
Англия	2	1	1	0	4
Дания	2	0	2	0	2
Словения	2	0	2	0	2
Сербия	2	0	1	1	1



«D» тобы	ойын	жеңіс	тең	жеңіліс	ұпай
Нидерланд	2	1	1	0	4
Франция	2	1	1	0	4
Австрия	2	1	0	1	3
Польша	2	0	0	2	0
«Е» тобы	ойын	жеңіс	тең	жеңіліс	ұпай
Румыния	2	1	0	1	3
Бельгия	2	1	0	1	3
Словакия	2	1	0	1	3
Украина	2	1	0	1	3
«F» тобы	ойын	жеңіс	тең	жеңіліс	ұпай
Португалия	2	2	0	0	6
Түркия	2	1	0	1	3
Чехия	2	0	1	1	1
Грузия	2	0	1	1	1

Халық «кәрі құрлық» атаған Еуропада бірнеше дүбірлі дода қатар-қатар өтіп жатыр. Францияда жазғы олимпиада ойындарына дайындық жүріп жатса, оның көршісі Германияда Еуропа чемпионатының туы тігіліп, футбол тойы басталды.

Тарихта 17-ші рет өткізіліп жатқан Еуропа чемпионатын бұл жолы Германия қабылдады. Жарысқа іріктеліп өткен кәрі құрлықтың 24 командасы 6 топқа бөлініп, 14 маусымнан бері бақ сынап келеді. Олар: «А» тобы – Германия, Шотландия, Венгрия, Швейцария; «В» тобы – Испания, Хорватия, Италия, Албания; «С» тобы – Словения, Дания, Сербия, Англия; «D» тобы – Польша, Нидерланды, Австрия, Франция; «Е» тобы – Бельгия, Словакия, Румыния, Украина; «F» тобы – Түркия, Грузия, Португалия, Чехия. Футбол тойының алғашқы матчы Мюнхен қаласында аты әлемге әйлігі «Баварияның» стадионы «Альянц Аренада» өтті.

Неміс ойыншылары ашылу ойынында Шотландия командасымен жолығып, қарсыластарын 5:1 есебімен ойсырата жеңді. Бұл ойыннан кейін бүгінге дейін 6 топтың әрқайсысында кемінде 2 ойыннан өтіп, плей-оффқа шыққан алғашқы командалар мен жарыстан шығып қалған ұлттық құрамалар белгілі болды. Ал «А» тобында барлық үш матч өтіп үлгерді. Нәтижесінде Мажарстан мен Шотландияны жеңіп, Швейцариямен тең түскен Германия құрамасы 7 ұпаймен жарыстың келесі кезеңіне жолдама алды. Сондай-ақ, Венгрияны 3:1 есебімен ұтып, қалған екі қарсыласымен тең түскен швейцариялықтар 5 ұпаймен екінші орыннан плей-оффқа аттанды. Ал Мажарстан (3 ұпай) мен Шотландия (1 ұпай) Еуропа чемпионатындағы жарыс жолын аяқтады. Небәрі екі ойында топтық кезеңді аттап өткен қауқарлы командалар да жоқ емес, олар: Испания мен Португалия. Алдыңғы Еуропа чемпионатының жеңімпазы Италия және 2018 жылы өткен әлем чемпионатының финалисі Хорватия құрамаларымен бір топқа түскен испандықтар екі қарсыласын да тізе бүктіріп, 6 ұпаймен плей-офф кезеңіне өтті. Енді Испания футболшылары топтық кезеңнің соңғы матчында Албаниямен кездеседі. Футбол тарихындағы үздік ойыншылардың бірі – Криштиану Роналдудың командасы Португалия да мерзімінен бұрын келесі кезеңге жолдама алды. Португалиялықтар алғашқы ойында Чехияны 2:1 есебімен, одан кейін Түркияны 3:0 есебімен ұтқан болатын. Енді Криштиану Роналдудың командасы үшінші ойында Грузиямен жолығады. Ал Роберт Левандовский бастаған Польша командасы Нидерланды мен Австриядан жеңіліп, екі матчтан кейін 0 ұпай жинады. Енді

● КЕРЕК ДЕРЕК

■ Алғашқы Еуропа чемпионаты 1960 жылы Францияда ұйымдастырылды. Парижде өткен жарыс финалында КСРО мен Югославия кездесіп, кеңестік футболшылар жеңіске жетті.

■ Кәрі құрлықтың футбол додасында ең көп жеңімпаз атанған ұлттық құрамалар – Германия (1972, 1980, 1996) мен Франция (1964, 2008, 2012).

■ Еуропа чемпионатының тарихында ең көп гол соғып, ең көп нәтижелі пас берген ойыншы – Криштиану Роналду. 2004, 2008, 2012, 2016 және 2020 жылдары өткен еуропалық додаға қатысқан Португалия шабуылдаушысы 14 гол соққан. Биыл 6-шы ЕЧ-ына қатысқан ол бұл нәтижесін жаңартуы мүмкін. Сондай-ақ, ол Германияда өтіп жатқан жарыста 7-рет нәтижелі пас беріп, ең көп нәтижелі пас берген ойыншы атанды.

■ Мишель Платини – бір турнир аясында ең көп гол авторы атанған футболшы. Франция ойыншысы өз елінде өткен Еуропа чемпионатында 9 гол соққан. Жалпы жарыс тарихындағы доп соққандардың арасында Платини Роналдудан кейін екінші тұр.

■ Еуропа чемпионатының тарихында ең нәтижелі ойын Франция мен Югославия арасында өткен. 1960 жылы, яғни алғаш ұйымдастырылған турнирде екі елдің командалары бір ойында 9 гол соққан. Матч нәтижесі бойынша 5:4 есебімен Югославия командасы жеңіске жетті.

керлер болжамынша, неміс ойыншыларының жеңіске жетуге бәрінен көп мүмкіндігі бар. Одан кейін Франция және Англия тұр. Айта кеткен жөн, топтық кезеңнің соңғы ойындары 27 маусым күні өтеді. Ал плей-оффың алғашқы ойыны 29 маусымда болмақ. Еуропа чемпионатының финалы 15 шілдеде өтеді деп жоспарланған.

ПАРИЖ – 2024

Қазақстан құрамасының спортшылары биыл Францияда өтетін жазғы олимпиадаға тағы екі жолдама жеңіп алды.

Алдымен, қазақ елін Әмір Маймұратов қуантты. Спорттық құзға өрмелеуден Қазақстан командасының өкілі Венгрия астанасы Будапешттегі іріктеу турнирінен сәтті өтті. Спортшы жылдамдық бойынша финалға жетіп, күміс жүлде иеленді. Шешуші сында ол қытайлық У Пэнге есе жіберді. Айта кеткен жөн, іріктеу турнирі екі кезеңнен тұрды. Біріншісі Шанхайда, екіншісі Будапештте болды. Олимпиадаға жолдама алу үшін екі кезең қорытындысы бойынша алғашқы жетілікке ену керек. Маймұратов екі жарыс есебі бойынша үшінші орын жайғасып, олимпиадалық жолдаманы қоржынға салды.

ҚОС ӘМІР ОЛИМПИАДАҒА АТТАНАДЫ



Келесі күні Әмір Зәкіров дәл осы Будапештте өткен іріктеу турнирінің қорытындысы бойынша олимпиада ойындарына жолдама алды. Финалға дейін жеткен жерлесіміз ақтық сында Нидерланды өкіліне жол беріп, екінші болды. Үшінші орынды Оңтүстік Корея спортшысы еншіледі. Екі іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша Әмір 71 ұпай жинады. Шанхайда ол 15-орын алған. Жалпы есепте қазақстандық спортшы алтыншы орыннан көрініп, дүниежүзілік жарыстың квотасын алды. Еске салайық, брейкинг Олимпиада бағдарламасына алғаш рет еніп отыр. Демек, Зәкіровтің квотасы тарихи жолдама саналады. Ол аталған спорт түрінен Қазақстан намысын қорғайтын тұңғыш спортшы болмақ.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

БРИФИНГ

«ЖАСЫЛ ЕЛ»

жарқын жастардың басын қосады



«Жасыл ел» еңбек жасағындағы 2100 жас жаздың үш айында Алматы қаласын көгалдандыру мен абаттандыруға, түрлі экологиялық акцияларға атсалысатын болады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының өкілдері толығырақ айтып берді.

Нұржамал ӘЛШЕВА

Елімізде 2005 жылдан бастап жүзеге асырылып келе жатқан «Жасыл ел» жобасының негізгі мақсаты – жастарды уақытша болса да жұмыспен қамту, еңбекке тарту, жастар арасында экологиялық тәрбиені насихаттау, оларды табиғатқа қамқорлықпен қарауға, туған елге деген сүйіспеншілігін нығайтуға үндеу.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде «Жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру қажет» деп атап өтті. Міне, «Жасыл ел» осындай жобалардың бірі», – дейді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының жастарды әлеуметтендіру және жастар бастамаларын қолдау бөлімінің басшысы Нұрсұлтан Бекқайыров.

Сонымен қатар, жоба аясында еңбек етуші жастар қоғамдық жұмыстарға тартылып, түрлі қайырымдылық іс-шараларына қатысатын болады.

Жобаға қатысушыларға 85 мың теңге (ЕТЖ) жалақы төленеді. Сонымен қатар, ұлттық жоғары оқу орындары өз студенттеріне қосымша төлемдер қарастырып отыр. Атап айтсақ, ҚазҰПУ – 100 мың теңге, ҚазҰАУ – 110 мың теңге, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ – 100 мың теңге, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – 80 мың теңге.

Қазіргі күні жоба аясында 700-ге жуық жас алматылық жұмысын бастап та кеткен. Жұмыс маусымы ашылғалы бері 34 эко-акция, 20-дан астам тренинг және 13 «Жас эко патруль» рейді өткен.

Рейдтер барысында 85 құқық бұзушылық анықталды. Сондай-ақ,

анықталған проблемаларды жою және олардың шешілуін жеделдету үшін мемлекеттік органдарға 40-тан астам өтініш жіберіліп, 48-ден астам шағым жазылды. Осы орайда айта кетсек, рұқсатсыз қоқыс үйінділерінің 10-ы жергілікті атқарушы органдардың күшімен жойылды. Демек, жастар да қоғамға пайдалы істер атқарып отыр.

Иә, мегаполис жастарының белсенділігі жыл сайын артып келеді. Соның ішінде «Жасыл ел» жобасы аясындағы «Жас эко патруль» экологиялық жасақтарының мониторингтік жұмыстары оң нәтиже беруде.

«Біздің тексерулеріміздің нәтижесінде қала аудандарында 15-тен астам ірі рұқсатсыз қоқыс орындары анықталды, бұл қалдықтарды заңсыз жинау мәселесінің бар екенін көрсетеді. Сондай-ақ, өзендердің ластануына қатысты 150-ден астам заң бұзушылық анықталды, оның ішінде қоқыстардың жинақталуы, қалдықтардың төгілуі және су қорғау аймақтарының бұзылуы сияқты бұзушылықтар бар», – деді Алматы қаласының «Жасыл ел» және «Жас эко патруль» жастар экологиялық жасақтарының басшысы Әділ Нұрпейісов.

Сонымен қатар, қаланың көшелерінде 577 заң бұзушылық анықталды, олардың көпшілігі абаттандыруға қатысты. Бұл қалалық инфрақұрылымның жай-күйін жақсарту қажеттілігін көрсетеді.

Брифинг спикері маңызды аспектілердің бірі – арықтар мен бордюрлердің жағдайы: олардың дұрыс қосылмауы және ГОСТ талаптарына сәйкес келмеуі жол қозғалысының және жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігіне теріс әсер етуі мүмкін екенін атап өтті.

«Анықталған заң бұзушылықтарға жауап ретінде жауапты мемлекеттік органдарға 50-ден астам сұрау салдық және 100-ден астам арыз жаздық, бұл экологиялық мәселелерді шешудегі белсенді ұстанымымызды көрсетеді», – деді ол.

«Жасыл ел» жобасы жастарды еңбекке тартып қана қоймай, олардың бір-бірімен танысып, білісуіне, қаламызды өркендету жолындағы ниет-тілектерін де біріктіруге дәнекер болары сөзсіз.

Алматы қаласы тұрғындарының, кәсіпорындары мен ұйымдар басшыларының назарына:

2024 ж. 26 маусымда сағат 06.00-ден сағат 07.00-ге дейін «АлЭС» АҚ Алматы А. Жакутов атындағы 2-ЖЭО-дан мекенжайы: Алматы қ. Алатау ауданы, «Алғабас» ықш. ауданы, 7-көше, 130-үй БЖК Орталық тарту пунктіне дейін мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, Төле би к-сі., 308-үй Ду800 жылу магистралінде қайта гидравликалық сынақ жұмыстары жүргізіледі.

Осыған байланысты «АлЭС» АҚ сынақ өтетін («Алғабас» ықш.ауданы, Аксайская к., Марғұлан к., Трудовая к., «Алтын бесік» ықш.ауданы, «Ақсай-3», «Ақсай-3 А» ықш.ауданы, «Ақсай 3 Б» ықш.ауданы, «Ақсай-2» ықш.ауданы, Саин к. (Төле би және Кабдолов к.), «Сайран» Орталық халықаралық автобекетінің батысына қарай (Саин к. мен Өтеген батыр к. аралығында) аумақтың барлық тұрғындарының жылу магистралінің ықтимал бұзылуы жағдайында ауыр жарақат алуды болдырмау үшін қауіпсіздік техникасын сақтауды сұрайды.

Кәсіпорындар мен ұйым басшылары адамдарды сынақ өтетін жылу магистралінің аумағынан, ықтимал жазатайым жағдайды болдырмау үшін шығарсын.

Қосымша мәліметтерді 8 (727) 227-70-21 телефоны арқылы алуға болады.

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде қызмет көрсететін орталық пен 8 777 890 89 00 «жедел желі» жұмысы іске қосылды. Орталықтың мекенжайы: Алматы қ., Нүсіпбеков к-сі, 32, 1-кабат, 106-кеңсе.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директоры –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 862 30 08 телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
8152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ОЙЫП ЖАЗДЫМ АТЫМДЫ...

Қазақстандық турист вандализммен жауапқа тартылуы мүмкін

Қазақта «Ұлын ұялтпасын, қызың қызартпасын!» деген сөз бар. Астарлы сөз. Отбасындағы бала тәрбиесін меңзеп тұр. Әр отбасы – мемлекеттің бір-бір уығы. Ал сол бала сыртқа ұзап шықсын, мейлі, мұхит ассын, мейлі, ұялтып, қызартатын болсын, онда ол бүкіл елді жерге қаратқаны.

Нұржамл
ӘЛІШЕВА

Әй, Әли-ай...

Бұрнағы күннен бері әлеуметтік желілерде Италияның ежелгі Помпей қаласына турист болып барған бір отандасымыздың археологиялық саябақта орналасқан тарихи Цейлер үйінің қабырғасына ALI деп атын ойып жазып кеткені, оның бұл әрекеті вандализмнің көрінісі екені айтылып жатыр. Ал шетелдік БАҚ құнды жәдігерге атын ойып жазып кеткен «Қазақстан азаматы екен» деп ұлардай шулағанда бетімізден отымыз шығып ұялғанымыз-ай!

Euronews.com басылымы қазақстандық туристің құрықталғанын айтты. Енді Әли сәулет ескерткішіне келтірілген залалдың орнын толтыруы тиіс. Залалдың нақты сомасы техникалық сараптама жүргізілгеннен кейін белгілі болады деп отыр құзырлы органдар.

Помпейліктердің ашуға мінігін жөні бар. 1913-1914 жылдары қазылған Цейлер үйі соңғы самнит дәуіріндегі (б.з.д. II ғасыр) ежелгі тұрғын үйдің сирек кездесетін үлгілерінің бірі деседі. Әне, өткенін, тарихын қастерлейтін ел ешкімді басындырғысы жоқ. Италия билігі биыл вандализм әрекетіне қатысты жауапкершілікті қатаңдатқан көрінеді. Әсіресе, тарихи ескерткіштерді бүлдіргендерді аямайды. Әлиге 10–15 мың еуро көлемінде айып салынуы мүмкін. Ал бұл сумаға қашалған қабырғаны жөндеуге кететін қаржы кірмейді.

Өртеп жібергені рас па?

Әлеужелі әлемі сол күні тағы бір оқиғамен дүр етіп көтерілді. Яғни «Грекияда яхта жалдаған қазақстандықтар отшашу атып, бүкіл аралды өртеп жіберді», «Қазақстандық туристердің кесірінен Грекияда тұтас арал отқа оранды» деген әңгіме желдей есіп, сол тектес тақырып қаптап кетті. Нақтырақ тоқталар болсақ, әңгімелер желісі былайша өрілді: «Кешкілік Гидрадағы Агиос Николаос жағажайында қазақстандық 13 турист жалға алған яхтасында той тойлап, қызыққа батқаны соншалық, құрлыққа қарай отшашулар атып, соның кесірінен жағадағы қарағайлы орман өртке оранған. Өрттің ауқымды болғаны соншалық, оны сөндіруге жергілікті өрт

сөндірушілер мен еріктілер көптеп тартылған. Тіпті, аспаннан су шашатын тікұшақтар шыққан».

Гидра – Грекия туризмнің негізгі орталықтарының бірі. Табиғаты бай аралды қорғау мақсатында мұнда тіпті моторлы көлік жүрмейтін көрінеді.

Грекиядағы өртке себеп болған отшашуды атқан туристер арасында 380 миллион долларға бағаланған байлығымен отандық Forbes тізімінде 21-орынға ие Данияр Әбілғазин де бар. Бұл туралы бірқатар ақпарат құралдарында жарияланды.

Кейін белгілі болғандай, «ойыннан от шығарғандар» қазақстандықтар емес екен. Бұл туралы ҚР Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров кеше ресми мәлімдеме жасады.

«Қазақстанның консулы бұл ақпарат жарияланғаннан кейін осы іске қатысты бірден Грекия билігіне хабарласты. Полицияның мәліметіне сәйкес, ұсталғандар арасында Қазақстан азаматтары жоқ және оларға ешқандай да талаптар қойылмаған», – деген ақпаратпен бөлісті А.Смадияров.

Ал қазір ақпарат көздері Грекиядағы орман өртіне байланысты Пәкістанның 17 азаматы ұсталғанын хабарлап жатыр.

Қалай болғанда да, абыройлы, ақ жүзді болған дұрыс. Сырт адам сыр-сипатына үңіледі. Адамгершілік, кісілік, мейірім, қайырым, құрмет деген қасиеттердің үлкенкішісі болмайды, оның бәрін бір бойына жия білген адам – ең көркем адам. Әрқайсысымыз, үлкен-кіші болсын – бәріміз елдің айнасымыз.



(Сурет: euronews.com)



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСКҰЛЫ.